



VIII ГЛОБАЛЬНАЯ НАУКА И ИННОВАЦИИ 2020: ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



НУР-СУЛТАН, КАЗАХСТАН
ФЕВРАЛЬ, 2020



**Объединение юридических лиц в форме
ассоциации
«Общенациональное движение «Бобек»
Конгресс ученых Казахстана**

ISSN 2664-2271



**«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2020:
CENTRAL ASIA»**

**№ 3(1). Февраль-март 2020
СЕРИЯ «ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»**

Журнал основан в 2018 г.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Маслов Х.Б., PhD;

Заместители главного редактора:

**Е. Ешим, Е. Абиев (Казахстан), Лю Дэмин (Китай),
Е.Л. Стычева, Т.Г. Борисов (Россия)**

I ТОМ

**© ОЮЛ в форме ассоциации
«Общенациональное движение «Бобек», 2020**

НУР-СУЛТАН – 2020



УДК 373(072)

МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ ДЛЯ УЧИТЕЛЯ «ГЛАВНЫЕ ПАРТНЕРЫ МОЕЙ СТРАНЫ»

Аллахвердиева Индира Казимовна

Учитель истории и географии средней школы № 5 им. Бауыржана Момышулы.
Костанай, Казахстан

Аннотация. Курс основывается на изучение взаимоотношений Казахстана с соседними государствами на современном этапе.

Ключевые слова: Данное пособие способствует формированию углубленного, осознанного изучения взаимоотношений Казахстана с соседними странами, основ политологии и экономики воспитанию казахстанского патриотизма и активной гражданской позиции, любви к Родине, общечеловеческих ценностей и толерантного сознания, созданию условий для развития интеллектуального и творческого потенциала нового поколения казахстанцев.

Пособие содержит: введение, где обосновывается актуальность работы, отмечаются научная новизна и практическая значимость, определены цели и задачи, указаны методы и этапы проведения работ, оглавление с указанием страниц, пояснительную записку, календарно-тематическое планирование, разработки уроков, теоретические занятия (лекции), разработки практических занятий, темы рефератов, список литературы и источников

Методическое пособие предназначено для учащихся школ, учителей, студентов, преподавателей и широкого круга читателей нашей страны.

Программа курса «Главные партнеры моей страны» рассчитана для учащихся 9-11 классов и рекомендуется учащимся для углубленного, осознанного изучения взаимоотношений Казахстана с соседними странами, что способствует формированию основ политологии и экономики, чувства патриотизма. Ребятам предстоит приобщиться к более глубоким исследованиям политики, экономики, культуры, получить практические навыки работы с первоисточниками, обобщать собранный в процессе поиска материал, учиться доступно и логично излагать свои мысли.

В преподавании курса используются научный материал, материалы источников СМИ, личные изыскания участников учебного процесса. По окончании курса учащиеся на итоговом занятии защищают творческие проекты.

По типу программа является развивающей. Назначение данной программы состоит в том, чтобы через интеллектуально - творческую деятельность обеспечить изучение учащимися политических, экономических и этнокультурных отношений Казахстана с соседними странами, воспитанию осознанного уважения к культурному и историческому наследию Родины. Практическое значение программы – активизация познавательной деятельности учащихся, формирование у них наблюдательности к окружающим явлениям, осознанное усвоение учащимися сложных вопросов истории.

Цели курса:

Формирование основ политологии, экономики;
умение правильно разбираться в исторических событиях происходящих в стране и давать осмысленную аргументированную оценку этим событиям;
представление объективной оценки экономического, политического и культурного развития своей страны;
воспитание патриотизма и чувства гордости за родную страну;
формирование интереса к прошлому и настоящему.

Задачи курса:



активизировать познавательную деятельность учащихся, пополнить знания учащихся по истории конкретными примерами из событий своей страны;
способствовать практическому участию учащихся в жизни своей Родины;
воспитать чувство патриотизма, любви к Родине.

Для реализации поставленных целей используются различные формы и методы работы. Наряду с лекционной формой занятий предусматривается проведение семинаров, обобщающих и закрепляющих знания, также практикумы, закрепляющие практические навыки. Применяются различные методы ведения занятий: объяснительно-иллюстративный, репродуктивный, проблемный, частично-поисковый.

Основные умения и навыки, приобретаемые и развиваемые в ходе работы над курсом:
находить, систематизировать и анализировать историческую информацию;
систематизировать исторические факты, определять причинно-следственные связи, выявлять историческую и методологическую обусловленность различных версий и оценок событий прошлого;
определять и аргументировано представлять собственное отношение к дискуссионным вопросам.

Организуемые виды занятий: вводный, урок-лекция, урок освоения новых знаний, урок закрепления знаний, урок-консультация, урок-презентация.

Учебно-тематическое планирование

№	Тематическое планирование	К.ч.
1	Введение	1
Глава 1. Казахстан (2ч)		
2	Кратко о Казахстане.	1
3	Границы Казахстана.	1
Глава 2. Казахстан – Россия (16 ч)		
4	Как все начиналось: Россия и Казахстан.	1
5	Казахстан и Россия, продолжение следует....	1
6	Казахстан и Россия сегодня.	1
7	Дипломатические отношения между Казахстаном и Россией.	1
8	Интеграционные процессы.	1
9	Россия - главный экономический партнер Казахстана.	1
10	Казахстанско-российское сотрудничество в Северном Каспии.	1
11	Космодром Байконур.	1
12	Двустороннее сотрудничество РК и РФ по вопросам региональной безопасности.	1
13	Сотрудничество РК и РФ в рамках ОДКБ и ШОС.	1
14	Отношения между нашими государствами идут по нарастающей...	1
15	Казахстанско-Российские отношения в сфере культуры.	1
16	Повторение по разделу.	1
Глава 3. Казахстан – Китай (11ч)		
17	Казахстанско-китайские отношения	1
18	Политические отношения	1
19	Экономическое присутствие Китая в Казахстане.	1
20	Китайские переселенцы	
21	Казахская диаспора в Китайской Народной Республике: причины переселения	1
22	Казахская диаспора в Китайской Народной Республике: Адаптация и сфера занятости.	1
23	Китай – главный партнер Казахстана	1
24	Сотрудничество РК и КНР в области экономики	



25	Сотрудничество РК и КНР в области образования и науки	1
26	Казахстан и Китай сегодня	1
27	Повторение по разделу.	1
	Глава 4. Кыргызстан (2ч)	
28	Кыргызстан и Казахстан.	1
29	Казахстан и Кыргызстан: наши общие проблемы.	1
	Глава 5. Узбекистан (2ч)	
30	Путешествие в Узбекистан.	1
31	Сотрудничество Казахстана с Узбекистаном	1
	Глава 6. Туркменистан (2ч)	
32	Путешествие в Туркменистан.	1
33	Туркменистан и Казахстан - партнеры	1
34	Казахстан: сегодня – завтра. Защита рефератов, творческих проектов	1
	Итог	34 ч

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. 25 окт.1990 г. // Казахстанская правда. - 28 октября 1990 г.
2. Дипломатический курьер.-1996.-2006
3. Закон о дипломатической службе от 7 марта 2002 г. N 299-Н
4. Закон о дипломатической службе// Казахстанская правда.- 17.11.1997.
5. Закон Республики Казахстан от 26 июня 1998г. N 233-1 О национальной безопасности Республики Казахстан (внесены изменения Законом РК от 28.04.00 г. N 45-ІІ)
6. Казахстан и Европейский Союз. Сб. документов и материалов. - Алматы, 1997.
7. Казахстанско-Российские отношения 1991-2000 годы: Сб. документов и материалов / Посольство Республики Казахстан в РФ. М., Астана, 2001.
8. Концепция экологической безопасности РК. Одобрена распоряжением Президента РК N 2967 от 30 апреля 1996 г. // Казахстанская правда.- 1.06.1996.
9. Меморандум о гарантиях безопасности // Казахстан и мировое сообщество.-1995.-N 1-2.-С.107-108.
10. Назарбаев Н.А. Казахстан 2030 - Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. - Алматы, 1997.
11. Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. - Алматы, 1997.
12. Актуальные проблемы внешней политики Казахстана. Сборник статей. - М., 1998.
13. Арынов Е., Жуламанов Р., Елеусизов А. Внешнее экономическое проникновение в экономику Казахстана // Саясат, 1995. №1, с. 53-57.
14. Арыстанбекова А. Х. Объединенные Нации и Казахстан. - Алматы, 2002. - 432 с.



ӘОЖ 373. 2(075.32)

ТЕАТРАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТІЛДІК ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қожабергенова Аяда Аманқосқызы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің

2-курс магистранты,

Ғылыми жетекшісі - Кудышева Б.Г.

Орал, Қазақстан

Андатпа: Мақалада театралдық қызмет арқылы балалардың тілін дамытудың педагогикалық негіздері қарастырылады. Театралдық қызметтің анықтамасы, театрланған ойынның түрлері мен олардың бала тілін дамытуға тигізетін әсері баяндалады.

Тірек сөздер: театралдық қызмет, балалардың тілінің дамуы, театралдық қызметті ұйымдастырудың педагогикалық негіздері.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастау қажет. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту, балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу деп көрсетілген. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тілінің тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан-жақты тілдік дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр [1].

Білім бастауын балалар балабақшадан алады. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орны бар, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мектепке дейінгі тәрбиедегі басты міндеттердің бірі бала тілін дамыту. Қазіргі зерттеулер көрсеткендей бүгінгі таңда балалардың көпшілік бөлігі дұрыс сөйлемейді, сөздік қорлары жасқа сәйкес келмей жататын жағдайлар бар. Бала санасының, ойлау мен интелект дамуының негізгі бастауы сөйлеу екенін педагогтар мен психологтар өз зерттеулерінде үздіксіз көрсетіп келеді. Баланың тілдік дамуы оның мінез-құлқына, эмоциясына, жалпы тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Бала тілін дамытудың негізгі міндеттері – тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу, сөздік қорын молайту, тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Бұл міндеттер мектепке дейінгі кезеңнің барлық сатысында тілдік жұмыстарды күрделілендіру арқылы жүргізіледі. Аталған міндеттердің әрқайсысы өз кезегінде уақылы шешіліп отыруға тиісті көптеген мәселелері бар. Балалар арнайы үйретусіз ақ тілдік әрекетке ерте сәбилік кезден бастап қызығушылық танытып, жаңа сөздер жасап, тілдің мағыналық жағына да грамматикалық құрылысына да бағытталады. Шетел педагогикасында мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ойынның орнын ерекше бағалаған Я.А.Коменский, Г.Песталоцци, Р.Оуэн, Ф.Фребель, М.Монтессори және т.б. Ф.Фребель педагогтардың арасында алғашқылардың бірі болып ойынды тәрбиенің ерекше тәсілі



ретінде қарастырды. Өзінің жіктеуінде ойынның сараланған ықпалын баланың ақыл-ойының дамуына, ағзаның ішкі сезіміне, қозғалысына тікелей әсер ететіндігін жеткізді. Дидактикалық ойын жүйесінің авторы М.Монтессори. Оның ойынша мектепке дейінгі білім беретін ұйымдардағы ойын бос ойын емес баланы дамытушы болуы керек деген [2]. Кеңестік кезеңде педагогикада баланы жан-жақты тәрбиелеу құралы ретіндегі ойын теориясының іргетасын қалаған ғалымдар Ф.А. Сохин, Е.И. Тихеева, Е.А. Аркин. Сондай ақ ойын теориясына Р.Я.Лехтман – Абромович, Ф.И.Фрадкина, Н.М. Аксарина, А.П. Усова, Д.В. Менджерицкая, Р.И.Жуковская, В.П. Залогина, Т.А, Маркова және тағы басқа ғалымдардың еңбектері арналды [3].

Мектепке дейінгі балалардың театрланған қызметі-бұл көркемдік-шығармашылық қызметтің түрі, оның барысында қатысушылар сахналық өнердің қол жетімді құралдарын игереді және қалыптасқан рөлге сәйкес театр қойылымдарының әр түрін дайындауға және ойнауға қатысады, театр мәдениетіне қосылады. Театрланған ойында диалогтық, эмоционалды мазмұнды сөйлеу қалыптасады. Балалар шығарманың мазмұнын, логикасын және оқиғалардың реттілігін, олардың дамуын жақсы меңгереді.

Театралдық - бұл ең алдымен импровизация, заттар мен дыбыстарды жандандыру. Ол басқа қызмет түрлерімен – ән айтумен, музыкамен және т.б. қозғалыспен тығыз байланысты болғандықтан, оны бірыңғай педагогикалық процесте жүйелеу қажеттілігі анық. Бала әлемді ақылмен және жүрекпен таниды, жақсылық пен жамандыққа өз көзқарасын білдіреді, қарым-қатынас қиындықтарын жеңуге, өзіне сенімсіздікті жеңуге байланысты.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «театр» сөзі

- 1) сахнада драмалық шығармаларды ұсыну өнері, драмалық қойылымның өзі;
- 2) сахнада мерекенің өзі дайындалатын осындай туындылар ұсынылатын ойын-сауық кәсіпорны, үй-жай.

Театрланған іс-әрекет балалардың сөйлеуін дамытуда өте маңызды. Ол баланың сөйлеу мәнерлілігін, зияткерлік, көркем-эстетикалық тәрбиені қалыптастыруға қатысты көптеген педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Ғалым Л.П. Бочкарева театрланған іс-әрекет сезімнің, уайымның және эмоционалдық жаңалықтың сарқылмас көзі, рухани байлыққа баулу тәсілі екенін айтады. Ол былай дейді: «Театрландырылған ойын-бұл нағыз балалар шығармашылығының кең тараған түрі. Ол балаға жақын әрі түсінікті, бала образға кіре отырып, өзі байқаған, өзін қызықтырған нәрселерге еліктейді, кез келген рөлді ойнайды және өзі содан мол эмоционалдық әсер алады». Ғалымдар театрландырылған ойындар деп, балалардың өздеріне жақсы таныс ертегілер мен көркем шығармалардың мазмұнын драмалап ойнауын таниды [4].

Театр беретін тәрбиесі өте көп. Театр алды қойылымдар баланың қоршаған орта әлемінің барлық құпияларымен образ арқылы, бояулар арқылы, үн, әуен, дыбыстар арқылы танысады. Қойылған сұрақтарға жауап іздейді. Ойланады, қорытынды жасап, талдай біледі. Ақыл - ойының дамуы мен тілдің дамуы тығыз байланыста болады. Кейіпкердің әр сөзі баланың сөздік қорының белсенділігін арттырады. Дыбыстың дұрыс айтылу мәдениетін қалыптастырады. Кейіпкер рөлі, оның сахнадағы дауыс ырғағы баланың сөйлеу түрінің дамуына әсер етеді. Жас бала тез еліктегіш, үлгі тұтатын заттың бейнелі жағына көңіл аударғыш келеді. Кейіпкерлер күлсе, бірге күледі, қайғырса, бірге қайғырады, қызықты кезеңдерді ескертеді, сәтсіз кезеңіне жылайды, көмекке келуге әрқашанда дайын тұрады. Театр көрініс сабақтарында ертегі арқылы жүргізу адамгершілік мінез – құлықты қалыптастыруға ықпал етеді. Сапалы түрде сәлемдесуге баулу, достықа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуге бейімдейді. Театр арқылы өткізілетін сабақтар көмегімен балаларға білім беріп қана қоймай, оларға қалай орындауды үйретеді [5].

Театралдық іс-әрекет баланың сезімдерін, уайымдарын және эмоционалдық жаңалықтарын дамытудың сарқылмас көзі болып табылады, оны рухани байлыққа баулиды. Ертегінің қойылымы уайымдауға, кейіпкер мен оқиғаларға жақындауға мәжбүр



етеді, және осы жанасу процесінде белгілі бір қарым-қатынастар мен моральдық бағалар қалыптасады.

Н.А. Реуцкая театрландырылған ойындарды көркемдік безендірулеріне қарай төмендегіше топтастырады:

- театрландырылған ойындар;
- үстел театры ойындары;
- фланелеграф;
- көлеңке театры,
- Петрушка театры,
- марионеткалармен ойындар.

Л. С. Фурмина театрландырылған ойындардың әр түрлі формаларын зерттей отырып, келесі жіктеуді ұсынды:

- заттық ойындар;
- заттық емес ойындар;
- үстел театрымен ойындар;
- ширмадағы театр ойындары;
- драматизация ойындары;
- көлемді материалмен ойындар;
- тегіс материалмен ойындар;
- қуыршақ театрымен ойындар;
- саусақ театры ойындары [6].

Театр қойылымдары балалар шығармашылығының алуан түрлеріне түрткі болады. Балалар өздері шығарма желісін ойлап тауып, рөлдерді импровизация жасап, дайын әдеби шығармаларды драмалап көрсетуге қажетті декорацияны да даярлауға қатысады. Осындай қызмет барысында балалардың тілдік шығармашылығына да кең жол ашылады [39].

Бутафорияларды дайындау, костюмдерді ойластыру, безендіру құралдарын әзірлеу балалардың бейнелеу және техникалық шығармашылығын дамытады. Олар сурет салып, іс тігіп, әр түрлі бейнелерді илеп ұсақ моторика қызметін дамытып қана қоймайды сонымен қоса, өз ойларын іс жүзінде орындауға мүмкіндік алады. Жалпы ойын барысының өзі кейіпкерлердің әрекеттерін бейнелеу балалардың тілдік шығармашылығының жарқын көрінісі болады.

Театрландырылған қызмет бала сезімдерінің, баланың рухани ашылуының бастауы бола отырып, баланы рухани құндылықтарға бағыттайды. Театрландырылған қызмет баланың эмоциялық сферасын дамытады: бала ойналып жатырған оқиғаларға әсерленіп, кейіпкерлердің қуанған, мұңайған жағдайларын бейнелейді. Театрланған іс-әрекет-балалардың эмпатия дамуының маңызды құралы, яғни адамның мимика, қимыл-қимыл, интонация бойынша эмоциялық жағдайын тану қабілеті, әртүрлі жағдайларда өзін өз орнына қоя білу қабілетін де дамытады.

Театрландыру ойындары баланың шаршағанын басып, бар мүмкіндігінше сергітеді, қарым - қатынасын, психикасының түрлі жақтарын түзетеді. Театрланған іс-әрекет - бұл мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын, эмоциялық ерік-жігері мен сөйлеуін дамытудың тиімді әдісі. Бұл іс-әрекет балаларға қызықты, қол жетімді және эмоционалды тартымды. Ойын тәсілдерінің көмегімен тәрбиеші баланың сөйлеу мәнерлілігін жетілдіруге қол жеткізеді. Дәл осы театрланған ойындар жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Театрландырылған әрекет адамгершілік және эстетикалық тәрбие міндеттерін кешенді түрде шешуге, эмоционалдық саланы байытуға, сөйлеуді белсендіруге және мінез-құлықтағы ауытқуларды түзетуге мүмкіндік береді. Баланың артикуляциялық дағдылары жетіледі, кейіпкерлердің сөздерін анық және түсінікті айтады. Сөздік қорлары байытылады. Балаға актер, режиссер, безендіруші, көрермен рөлінде болу мүмкіндігі



беріледі. Балаларды декорациялар, костюмдер дайындауға қатыстыру олардың бейнелеу, құрастырушылық қабілеттерін дамытуға ықпалын тигізеді.

Театрландырылған әрекет шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуге жағдай жасайтын музыка, би, көркем сурет, шешендік өнер, актерлік шеберлікті қамтиды. Қазіргі кезде балалардың балабақшада ойын, әсіресе театр ойындарын көп ойнамайтындығын ғалымдардың ой-пікірлерінен (Н.Ф. Сорокина, Д.В. Менджерицкая, Г.В. Ануфриева және т.б.) аңғаруға болады. Ойын нәтижесіз болса, ол баланың психикалық және тұлғалық дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесіне де тән. Осыған байланысты жаңартылған нормативтік – құқықтық құжаттарда «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі болып белгіленді. Аталған ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты-балалардың шығармашылық белсенділігін, тілдік дамуын сахналық қойылымдар, ән мен билерді қолдану арқылы қалыптастыру. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі балалардың бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруды, ұлтжандылық және толеранттылыққа тәрбиелеуді қарастырады.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметін енгізудің өзектілігі - балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ішкі әлеуетін ашу үшін қолайлы Мектепке дейінгі балалық шақта адамның жеке тұлғалық қасиеттерінің негізі қалыптасады. Осы кезеңде ойын жетекші іс-әрекет ретінде қалыптасқан жағдайда ғана олардың дамуына кең мүмкіндік береді. Балалар театрлық қойылымдарға қатыса отырып, көңіл-күйі көтеріледі, көпшіліктің алдында қысылмай, өзін еркін ұстай білуге үйренеді. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар педагогтерге балаларды театрландырылған әрекетке тартуда және олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда балалармен жүргізілетін жұмыс тәжірибесін байытуға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
2. Тихеева Е.И. Развитие речи детей / Е.И. Тихеева.-Москва: Просвещение, 2014. - 216 с.
3. Менджерицкая, Д.В. Воспитателю о детской игре / Д.В. Менджерицкая. – Москва : «Просвещение», 2012. – С. 3-58
4. Бочкарева Л.П. Театрально-игровая деятельность дошкольников. Методическое пособие для специалистов по дошкольному образованию. – Ульяновск, ИПКПРО, 1993. – с.3
5. Чурилова Э.Г. Методика и организация театрализованной деятельности дошкольников и младших школьников. М., 2001.
6. Фурмина Л.С. Возможность творческих проявлений старших дошкольников в театрализованных играх: Монография / Под ред. Н.А. Ветлуговой. М., 1972.
7. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар - Астана, 2017ж. – 15 бет.



**БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ**

Кушмурзина Даметкен Хажмухановна

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
Қостанай, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада жалпы экология мәселесі бойынша бастауыш сынып оқушыларының білімі мен тәрбиесіне ықпалын тигізетін математика сабақтарындағы экологиялық мазмұнды есептермен жұмыс әдістемесі баяндалады. Ол есептермен жұмыс барысында қандай қосымша ақпараттар беруге болатындығы түсіндіріледі.

Кілт сөздер: экология, экологиялық мәселе, экологиялық жағдай, экологиялық мазмұнды есептер, экологиялық білім мен тәрбие.

Қазіргі таңда еліміздің экологиялық жағдайы, оның адамзатқа деген әсері қуантарлықтай жағдайда емес. Елімізде көптеген экологиялық мәселелер әлі күнге дейін шешімін таппай, қоршаған ортаның күннен-күнге ластанып жатқанына байланысты адамдардың денсаулығына нұқсан келтіруде. Экология мәселесі тек бүгін көтеріліп отырған жоқ. Ол ғасырлар бойы ғалымдардың негізгі нысанына айналууда. Осы орайда бұл маңызды іспен еліміздің, сонымен қатар бүкіл әлемнің белгілі экологтары айналысып, көп күш салуда.

Сондықтан азаматтарды экологиялық сауаттандыру, сапалы экологиялық білімді өмірде қолдана білетін және табиғатты қорғай алатын, табиғаттың ресурстарын тиімді пайдаланатын білікті азаматын тәрбиелеу қажеттігі туындауда. Бұл ең алдымен, білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үрдісінің құзырлығында. Сондықтан, қазіргі таңда мектептерде оқушыларға үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі жекелеген пәндер арқылы да қолға алынуда. Сол оқу пәндерінің ішіндегі «Математика» пәнінің алатын орны ерекше. Математика пәнінің мазмұны мазмұндық-логикалық есептер мен тапсырмалар жүйесінен тұрады, ол оқушының зейінін, қабылдауын, қиялын, есте сақтауын, логикалық ойлау элементтерін белсендіруге бағытталады. Бұл пән оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін, интеллектісін қалыптастырып дамытуды басты мақсат етіп қояды. Осы мақсатқа қол жеткізуде бастауыш сыныпта оқушылардың экологиялық мазмұнды есептерді шығаруының үлесі мол. Себебі, қоғамның экологиялық сана-сезімі, мәдениеті, тәрбиесі балалық шақтан қалыптасады. Осы орайда бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берілудің орны бөлек. Ендеше оқушылардың экологиялық сауаттылығын дамыту және танымдық қызығушылықтарын белсендіру, сол арқылы олардың экологиялық білім мен тәрбиесін жетілдіру жолдарының бірі – математика сабақтарында экологиялық мазмұнды есептерді пайдалану болып табылады.

Жалпы, *экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсаты:* бастауыш сынып оқушысының табиғатқа саналы түрде, мол жауапкершілікпен қарайтын құндылықты, мінез-құлықты, іс-әрекетті қамтамасыз ету және адам-қоғам-табиғат арасындағы үйлесімділікті тәрбиелеп, жеке оқушының бойына табиғатқа деген ізгілік қарым-қатынастарды дамыту қажет [1, 6-10 б.].

Экологиялық білім берудің міндеттеріне тоқталатын болсақ, олар:

1. Оқушының бойына экологиялық білім жүйесін қалыптастыру;
2. Бастауыш сынып оқушылардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігі мен жоғары адамгершілік сезімін тәрбиелеу;
3. Экология саласы бойынша ғылымдағы жетістіктерден хабардар болу;



Оқушылардың экологиялық білімді ұғынуы көптеген жағдайларда оқыту әдіс-тәсілдеріне, эмоциональды білім берудің деңгейіне, оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға деген белсенді түрде араластыруға байланысты екені баршаға белгілі.

Математика – бір қарағанда, экологиямен аз байланысты пәндердің бірі, алайда, бұл ғылымдар бір-бірімен тығыз байланысты. Басқа да ғылымдар сияқты математика адамдардың практикалық қажеттілігінен пайда болды. Математиканың тұтас бөлімдері табиғат құбылыстарын талдау үшін және техникалық есептерді шешу үшін құрылады. Экологиядағы сияқты, математикада ғылыми жаңалықтардың екі негізгі көзі бар: табылған фактілерді жүйелеу тәжірибесі мен қажеттілігі, оларды талдау, жүйелеу, олардың өзара байланысын анықтау. Математика табиғи объектілер мен құбылыстардың жай-күйіне, табиғи және әлеуметтік ортадағы адам қызметінің оң және теріс салдарларына сандық баға бере білуді дамыту үшін жағдай жасайды. Көптеген сабақтарда математиканы оқыту үрдісінде тақырыпты түсіндіру кезінде экологиялық тәрбие элементі қатысатын, сондай-ақ, математикадан міндетті бағдарламаның компоненті болатын материалды таңдауға болады [2, 14-16 б.].

Педагогикалық жағынан қарастыра келе оқушыларға экологиялық мазмұнды есептердің математика сабағындағы маңызын айта кеткен жөн:

- Оқушыларға есептердің мазмұнын талдай отыра, экологиялық білім беру;
- Экологиялық мазмұнды есептер арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын (ойлау, зейін, есте сақтау, қабылдау) белсендіру;
- Математика сабағында есептер арқылы еліміздегі және әлемдегі болып жатқан экологиялық мәселелерден хабардар болу;
- Есептер арқылы оқушыларға экологиялық терминдердің анықтамасын ұғындыру;

Математика сабағында экологиялық білім мен тәрбие беруде мұғалім мен оқушының арасындағы іс-әрекетіндегі бүгінгі талап түбегейлі өзгеріске ұшырады. Егер бұрын оқушыға қойылатын талап оқулықтағы дайын білімді меңгерумен ғана шектелген болса, ендігі талап оқушының ізденушілік қабілетін дамытуға бағытталады. Сабаққа берілетін 40 минуттың 70%-ы оқушы шығармашылық жұмыс жасау керек. Мұғалім бағыттаушы рөлін атқаруы тиіс. Ол үшін мұғалім математика сабағында пәннің мазмұнына сәйкестендіріп, экологиялық мазмұнды есептер, қосымша ақпараттар беруі керек. Ең бастысы, оқушының жаңа білімге деген ынтасын, танымдық қызығушылықтарын белсендіретін соңғы нәтижеге жетуін қадағалап отыру керек. Сонда ғана оқушының танымдық қызығушылықтары белсендіріледі. *Мысалы:* мына төменде бірелген есепті шешуде оқушының есептеу дағдысының ғана қалыптасуына негізделмей, сонымен қатар олардың түсініктеріне экология мәселесін де ыңғайластырып ұсынуға да болады [3, 23 б.].

Есеп 1: «Тәулігіне 1 ағаш 1 адамға жететін оттегі бөледі. Қалада қажетсіз газдардың бөлінуіне байланысты бұл оттегінің бөлінуі 10 есе кемісе, бір жарым миллион халқы бар Алматы қаласының тұрғындары үшін қанша ағаш қажет?»

Осындай есептердің мазмұнына байланысты оқушылардың экологиялық білімдерін жетілдіруде еліміздің экология мәселесімен нақты айналысып жүрген қызметкерлердің берген сұхбаттарын да сабақ барысында қолданып отырса, онда оқушының экологиялық танымдық белсенділіктерін дамытуға зор ықпалын тигізері анық [4, 32 б.].

Мысалы: Медеу ауданы қоршаған ортаны және экологияны қорғау бөлімінің басшысы Мақсат Ескендіров:

- «Жайқалған барлық ағаштардың адамның өміріне пайдасы зор екені барлығына мәлім. Ағаштар көмірқышқыл газын сіңіріп, ауаға оттегін бөледі. Ал жаз мезгілінде саябақтардағы барлық ағаштардың зақымданбауы үшін оларға екі рет химиялық тазалау жұмыстары жүргізіледі. Алматы қаласының көріктендіру ережесіне сай ағаштарды рұқсатсыз кесуге тиым салынады. Тек адам денсаулығына зиян келтіретін, көктемей қурап қалған, ауру ағаштарды ғана кесуге рұқсат беріледі. «Бір тал кессең, он тал ек» бабалар



даналығы дегендей, қаладағы рұқсатсыз кесілген бір ағаштың орнына он ағаш отырғызу керек. Сонымен қатар ағаш кесуден басқа, көріктендіру ережесіне сай ағаштарға жазуға, оюға, шырын өндіруге, хабарлама, жарнама қағуға болмайды. Бұның барлығы көріктендіру ережесіне сай қатаң тексеріледі. Биыл Медеу ауданында 6200 ағаш отырғызылған болатын.

Есеп 2: «1 га орман ағашы сағатына 200 адамнан бөлініп шығатын көмір қышқыл газын бойына сіңіретін болса, тәулігіне орман ағашы қанша адамнан бөлініп шыққан көмірқышқыл газын бойына сіңіреді?»

Есеп 3: «1 үйеңкі ағашы бір жылда 2кг 100г оттегі бөліп шығарады. Ал шегіршін ағашы одан 7 есе көп оттегі бөліп шығарса, онда жылына бір үйеңкі және шегіршін ағаштары қанша кг оттегі бөліп шығарады?» (Жауабы: 16 кг 800г)

Есеп 4: «Орман – атмосфера тазартушысы. Күніне бір гектар жердегі шырша – 32 тонна шаңды, қарағай – 35 тонна шаңды, шегіршін ағашы – 43 тонна, емен – 54 тоннаға жуық шаңды, шамшат ағашы – 68 тоннаға жуық шаңды жұтады. 10 га жердегі шырша 1 жылда қанша шаңды жұтады?» (Жауабы: 116800 тонна)

Тапсырма: Төменде берілген ағаштарға сипаттама бер.

Бұл тапсырма оқушыларға ағаштарды ажыратуға, ағаштардың түрлерін көру арқылы есте сақтауларына және ағаштардың өзіне тән ерекшеліктерін білуге көп септігін тигізеді.

				
Шырша	Қарағай	Шегіршін	Емен	Шамшат

Сонымен бірге, экологиялық мазмұнды есептердің мазмұнына байланысты *термин* сөздерін де кірістіруге болады.

Арша – мәңгі жасыл қылқан жапырақты бұталардың немесе ағаштардың тұқымдас тармағы. Арша ағашы 300 жыл жасайды. Биіктігі 1-3,5 метр, қысы-жазы көгеріп тұратын бұталы өсімдік. Қызыл жемісті арша хош иістендіргіш ретінде пайдаланады. Қазақстанда арша ағашының 10 жабайы түрі бар.

Шырша – қарағай тұқымдасына жататын биіктігі 30-50 м, баяу өсетін қылқанжапырақты ағаш болып келеді. Шыршаның қабығында 8-15% илік заттар, қылқанының құрамында С витамині, аскорбин қышқылы, эфир майы, жемісінде 25-29%-дай сұйық май болады.

Фотосинтез – күн жарығы энергиясының әсерінен көмірқышқыл газы мен судың оттегі мен көмірсуларға айналу күрделі құбылыс.

Атмосфера – жердің ауа қабығы.

Оттегі – Жер бетіндегі тірі ағзалардың тыныс алуын қамтамасыз ететін химияның ең маңызды элементі болып табылады. Оттегісіз адам өмір сүре алмайды.

Көмірқышқыл газ – түссіз, аздап қышқылтым дәмі бар газ.

Тұншықтырғыш газ – бұл улайтын иіссіз газдар, оларды көзбен көруге, иіс арқылы байқау мүмкін емес, және де адамды бірнеше минуттар ағымында өмірден әкетеді.

Экологиялық мазмұнды есепті оқушыларға шығарту алдында міндетті түрде кіріспе әңгіме жүргізілді. Есептің мазмұнына байланысты оқушылардан қайың және шырша ағаштарының өзіндік сипаттамаларын, ағаштардан не алынатынын және



ағаштардан қандай заттарды жасауға пайдаланатынын, сонымен қатар мектептің алдына неліктен ағаш отырғызудың себебін, мектеп ауласында қайың мен шырша ағаштары өсетіндігі туралы сұралынды. Сонымен бірге оқушылар ағаштарды жолдың жағасына неліктен отырғызатынын түсіндіріп берді. Осындай экологиялық есептердің көмегімен оқушылар білімін өмірмен ұштастырып, білгендерін өмірде қолданып, соның арқасында олардың ой-өрістері, экологиялық білімі артып, логикалық ойлауы дамып, танымдық қызығушылықтары белсендірілді.

Есеп 5: «Оқушылар мектептің алдына отырғызу үшін 55 көшет сатып алынды. Оқушылар 12 шырша мен 20 қайыңды отырғызды. Қалғанын жолдың жағасына отырғызды. Оқушылар жолдың жағасына неше ағаш отырғызды?» (Жауабы: 23 ағаш).

Оқушыларға есепті шығартумен қатар төмендегідей сұрақтар берілді. Бұл тапсырма оқушылардың алған білімдерін нақтылап, бекіту үшін өте маңызды. Осындай тапсырма арқылы оқушылар жол жиегіне ағаштарды отырғызудың себебін түсініп, түрлі ағаштар жөнінде ақпарат жинап, олардың пайдасы туралы білді. *Тапсырма:*

1. Жол жиегіне не үшін ағаштарды отырғызады себебін түсіндір.
2. Қайың мен шырша туралы ақпарат жина, интернет желісінен іздестір.
3. Қайың ағашының пайдасы туралы әңгімеле.

Бұл тапсырма арқылы оқушылар ағаштарды жол жиегіне отырғызудың себебін түсіндіріп, қайың мен шырша ағаштары туралы интернет желісін қолдана отыра, қызықты әрі танымды ақпарат іздестірді. Берілген тапсырма оқушыларға өз бетімен жаңаны тануға, зерттеуге үйретеді.

Есеп 6: «2010 жылдың соңында Астана қаласында 128000 автокөлік тіркелді, ал 2016 жылдың басында 115-ке артық болды. Жыл сайын осы автокөліктерден 10 кг резеңке ауаға тарайды, 4200 кг оттегін пайдаланады, 3600 кг көмірқышқыл газын ауаға таратады. Осы 5 жыл ішінде ауаға резеңкенің таралуы қаншаға өсті немесе азайды? Бес жылда қанша оттегі жұмсалды және қанша көмірқышқыл газы ауаға таратады?» *Шешуі:*

- 1) $115\ 000 \cdot 10 = 1\ 150\ 000$ (кг) – 5 жыл ішінде ауаға резеңкенің таралуы.
- 2) $115\ 000 \cdot 4200 = 483\ 000\ 000$ (кг) – 5 жылдағы оттегінің жұмсалуды.
- 3) $115\ 000 \cdot 3600 = 414\ 000\ 000$ (кг) – 5 жыл ішінде көмірқышқыл газының ауаға таралуы.

Мұндай экологиялық мазмұнды есептер оқушылардың қазіргі кездегі болып жатқан түрлі экологиялық мәселелерге хабардар болуына, олардың ойлауының дамуына әсерін тигізеді. Сонымен қатар оқушылар автокөліктердің ауаны ластау мәселесінің шешу жолдарын іздеп, болжауға үйренеді.

Тапсырма: Автокөліктердің ауаны ластауынан туындаған мәселені шешудің жолдарын көрсет, не ұсынасың?

Қорыта келгенде, қазіргі кезде экологиялық мазмұнды есептердің оқу үрдісінде маңыздылығы өте жоғары. Экологиялық мазмұнды есептер арқылы оқушылар тек теорияны ғана түсініп қоймайды. Олар экология жөнінде белгілі бір ақпараттармен сандық көрсеткішпен берілген есептерді шешу арқылы танысады, бейнероликтерді көру арқылы, экологтардың түрлі сұхбаттарын тыңдау арқылы қосымша мағлұматтар алады, термин сөздермен танысады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Таңатарова П. Экологиялық білім мен тәрбие берудің өзектілігі // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар, 2008 ж., №2. - 6-10 б.
2. Таңатарова Қ. Экологиялық білім – көп сатылы үрдіс // Қазақстан мектебі, 2005 ж., №7. - 14-16 б.
3. Жұманова Р. Экологиялық білім мен тәрбие берудегі мұғалім шеберлігі // География және табиғат, 2007 ж., №4. - 23 б.



4. Жетенова Ж. Бастауыш мектеп жасындағы балаларға экологиялық тәрбие берудегі халық ауыз әдебиеті үлгілерін ұтымды пайдаланудың кейбір ерекшеліктері // Бастауыс білім, 2005 ж., №1. - 32 б.

EFFECTIVE WAYS OF EDUCATING THE YOUNGER GENERATION

Yuldosheva Marjona Samat kizi

student, Shahrisabz branch of Tashkent State Pedagogical University,
Shahrisaz, Uzbekistan)

Research advisor: Ismatova Yulduz Numon kizi (Teacher of the Department of
Humanities, Shahrisabz branch of Tashkent State Pedagogical University,
Shahrisaz, Uzbekistan)

Annotation: This article focuses on the general education of the younger generation. There are also examples of effective teaching methods, and some of them are explained.

Key words: a successful and effective teaching, the general education, teaching methods, teaching clarity, active learning, systematic and consistent teaching.

For a successful and effective teaching, it is important to know not only the essence and internal structure of the teaching, but also the profound laws that apply through it. In examining these laws, it is important that education is a component of a broader understanding of education as a means of developing and shaping an individual.

It can be assumed that the training is a set of laws for the general education. The basic laws include:

- education and upbringing to solve problems related to harmonious human development;
- effective and effective teaching methods;
- Student needs - the cohesiveness of the area of interest with the learning activity;
- strengthening students' individual pride in teaching and learning;
- Providing joy and success in acquiring knowledge;
- to reveal students' abilities and creativity in the learning process, and to rely on their positive qualities and qualities;
- the consideration of age and individual characteristics of students in the learning process;
- increase the impact of the team on improving the quality of teaching.

The nature and ways of enforcing these laws were revealed in the light of the essence of education. It is worth noting here that the skillful implementation of these laws creates the essential conditions for improving the didactic effectiveness of the learning process. For example, if a teacher does not form and develop the areas of interest he or she needs, it is unlikely that they will be involved in learning activities. Unless a teacher encourages or encourages student learning, he or she does not show enthusiasm for the students' success in acquiring knowledge. Such is the case with the general laws for teaching and learning.

However, teaching is a special pedagogical process for students to acquire knowledge, skills and creativity, as well as their outlook and ethical aesthetics, and has their own laws. These are sometimes called didactic regularities.

Specific training laws include:

- teaching orientation to scientific and world-view;
- difficulty of learning;
- Visualization of learning;
- students' activeness and awareness in the learning process;
- Teaching clarity;



- systematic and consistent teaching;
- durability and frequency of training;
- a unit of educational, developmental and educational functions of teaching.

What are these laws, and how can they be implemented?

The academic and world-class education law is based on a common didactic requirement that the educational content of an educational institution should be scientific and aimed at shaping the world outlook. To implement this law, a teacher needs:

- to expose every rule in the material under investigation with in-depth and evidence, prevent students from making errors, inaccuracies, mechanical memorization in theoretical generalizations and conclusions;
- to explain in detail the worldview and ethical and aesthetic ideas in the content of the material studied;
- to show the importance of the materials studied so that they can understand current social and political events and their interests and aspirations.

Students' activeness and awareness in the learning process

This is a very important didactic law, because its skillful implementation depends on the success and quality of the learning process. What is it based on?

Active learning and learning are based primarily on the educational objectives of the educational institution, namely the training of active and conscious community members. Therefore, natural activity and consciousness should be shaped by the basic means of training and development of the person, ie through training. This pattern is based on the characteristics of the process of acquiring knowledge. As mentioned earlier, the essence of this feature is that without active, conscious learning activities, students will not be able to fully master the material and develop their mental abilities.

How can these laws be implemented?

In this regard, it is important to skillfully use a variety of examples of the need and interest in acquiring knowledge and to make the learning process problematic.

A teacher cannot fulfill the aforementioned tasks unless the teacher is able to arouse and support the students' activeness and understanding in the learning process.

Teaching clarity. This law envisages the need to take into account the age and individual characteristics of the students in the learning process, preventing them from over-complicating and overloading, or complicating learning materials.

Understanding and facilitating teaching is the setting of hours, hours (sessions) for each subject, taking into account its importance and complexity, and the provision of profound learning.

We are not content with just developing curricula and textbooks to make learning easier and easier. The implementation of this law depends more on the educator, who should be able to use bright evidence material in the learning process, make it clear and concise, relate to life, and motivate students to theoretical generalizations and conclusions. Understanding and easy to teach depends on individual characteristics of students' memory and thinking activities and on their level of preparation and development. If any student has difficulty acquiring new knowledge, it is necessary to provide individual assistance to the learner by referring back to the analysis of evidence material. Slow-minded students should not be in a hurry to acquire knowledge and answer questions. Students with low memory often need to comprehend the knowledge and repeat the material.

Systematic and consistent teaching. Emphasizing the great importance of this law, Komensky says: "Only the intelligent system, which is of the essence of science, gives us full control over our knowledge. Everything else filled with disruptive, unrelated knowledge is like a chamber where even the owner cannot find anything; without knowledge, it looks just like an empty system, with boxes written on it, but the boxes themselves are empty. "



Strength and frequency of teaching. This law reflects such training features that the acquisition of knowledge, skills and abilities, world-view and ethical-aesthetic ideas, on the one hand, is well understood and on the other hand, and stored in memory for a long time. How to ensure consistency of teaching?

The solution of this task requires, first of all, the implementation of a full cycle of cognitive activity in the learning process: for the initial perception and understanding of the material studied, and for the subsequent deepening and understanding of the material studied. performance of tasks (tasks), application of acquired knowledge in practice and retrieval and systematization of knowledge.

The connection between deep understanding and remembering was shown by Ya. Komensky. He wrote: "It is not necessary to comprehend what is understood." At the same time, he believed it was important to "strengthen tonight and make tomorrow."

The clarity and consistency of the material under study are provided when the subject is assimilated and is of a local character. This causes students to re-learn the material or repeat it. It is only rational that repetition teaches Ya. Komensky: "When it serves to prevent forgetfulness, but to prevent it from being forgotten, an educator with a good understanding of the nature of memory is impaired in repetition. not to demolish the building, but to strengthen the building and restore its next floor.

Regular monitoring and evaluation of student knowledge is important in assimilating knowledge. Practice shows that if students do not have regular control of their knowledge, their reading activity will slow down and their learning will decrease.

It is a unit of educational, developmental and educational functions. The given law is based on two factors: first, the objectives of teaching are the following: the acquisition of knowledge, practical skills and abilities by students, the development of memory and thinking skills (mental development); formation of a scientific worldview and moral-aesthetic culture; and secondly, the educational and developmental aspects are based on the characteristics of the training material that is implemented in a holistic manner. All of this requires that the educational and developmental and educational functions of teaching be implemented in unity. The solution to this problem involves several aspects.

Finally, the implementation of this problem requires close connection between theory and practice, teaching and socially useful activities and productive labor. It promotes the enrichment of knowledge, the formation of views, ideas and opinions, the active aspiration to serve the Motherland, the strengthening of will and character.

Developing students' cognitive abilities through learning content - two interrelated aspects of the learning process; Strong assimilation of learning material by students not only depends on such factors as the content and structure of the learning material, but also on the subjective attitudes of students towards pedagogy, teaching and learning materials. is Strengthening students' knowledge is based on the organization of teaching, the use of different types and methods of teaching, as well as the training time; Student memory is selective: the more interesting and important the material is for the students, the more they will be absorbed and retained for a long time.

REFERENCES:

1. Mirziyoev Sh. The rule of law and the protection of human interests are the key to the country's development and prosperity. - T.: "Uzbekistan", 2017. - 29 p.
2. Karimov I.A. Harmoniously developed generation is the foundation of Uzbekistan's development. -T.: Uzbekistan, 1997.- 42 p.
3. Davletshin M. G., Tuychieva S. M. General psychology. T. 2002. 26-51 p.
4. Zufarova ME .. General Psychology Publishing House of the National Society of Philosophers of Uzbekistan, T.: 2008.-280 p.



ӘОЖ 378.1

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУДЕ ПӘННІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН САРАПТАУ

Ибрагимова Каракоз Асқанбайқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің магистранты,
Ғылыми жетекшісі - Тунғатарова Айгуль Тұрысжановна
Тараз, Қазақстан

Андатпа: Бұл жұмыста білім беру бағдарламаларын әзірлеу, тезаурус негізінде пәннің оқу бағдарламаларына сараптама жасау мәселесі қарастырылған.

Түйін сөздер: оқу бағдарламасы, сараптама, тезаурус.

Білім беру саласының әлемдік үрдістері дәстүрлі тәсілден студентке бағытталған тәсілдемеге көшуді білдіреді. Бұл балама модель құзыреттілік пен оқу нәтижелеріне бағытталған, яғни модульдің немесе бағдарламаның соңында студенттер не істей алатындығына.

Құзыреттілікке негізделген тәсілдеме аясында білім беру бағдарламалары жоғары оқу орындарының басты нәтижелерінің бірі болып табылады және негізгі талап - олар заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес құрылады. Бағдарламаларды әзірлеу кезінде тек студенттер мен академиялық құрамының ғана емес, сонымен қатар стейкхолдерлердің, жұмыс берушілер мен салалық қауымдастықтардың өкілдерінің пікірлері де ескеріледі.

Сонымен қатар, мемлекетімізде 2014 жылдан бастап, белгілі бір аймақтың еңбек нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, академиялық еркіндігі мен ұтқырлығын арттыру мақсатында жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді: бакалавриат білім беру бағдарламалары үшін 55% , магистрлік білім беру бағдарламалар үшін 70% -ға, докторантура 90% -ға дейін.

Осыған байланысты соңғы үш жылда еліміздің жоғары оқу орындары элективті компоненттері әр түрлі болатын мамандықтарға арналған көптеген білім беру бағдарламалары әзірледі. Жоғары білім жүйесіндегі білім беру бағдарламасы қолданыстағы кәсіптердің жіктеуіші мен Кәсіби стандартқа сәйкес жасалынады. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларының көптүрлілігі университет басшылары, оқытушылар құрамы, жұмыс берушілер және стейкхолдерлер үшін бағдарламалардың мазмұнымен танысуды, салыстыруды қиындатады. Бұл тұрғыда білім беру бағдарламаларын жүйелеу қажет болып табылады.

Осыған байланысты салалық қауымдастықтармен өзара әрекеттесуде білім беру бағдарламаларын жобалау мен бағалаудың әдіснамасын жасау өзекті мәселе болып табылады.

Жоғары білімі бар оқу бағыттарының бірі ретінде университет Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген әртүрлі білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді және білім беру бағдарламаларының негізінде құрылатын жұмыс бағдарламаларға нақты талаптар қояды.

Бүгінгі таңда пәндерге арналған жұмыс бағдарламаларын құру мәселесі жоғары білім жүйесіндегі өзекті және маңызды мәселе болып табылады. Жоғары білімнің сапасы жұмыс бағдарламаларының сапасына тікелей байланысты. Пәнге арналған жұмыс бағдарламаларын әзірлеу кезінде олардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігі туралы мәселе туындайды.

Құзыреттілік әдіснамасына негізделген жаңа білім беру бағдарламаларды енгізу бүкіл білім беру үрдісінің түбегейлі өзгеруін талап етеді, себебі құзыреттілікке



негізделген оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы бар, ол айырмашылық студенттердің болашақ кәсіби қызметі мен мансаптық өсуіне қажетті құзыреттіліктерін игеруде. Құзыреттіліктерді дамыту оқу үрдісін тиісті ұйымдастыруды талап етеді. Студенттің құзыреттілік моделі шеңберіндегі білім беру студентке бағытталған тәсілге ауысуды қажет етеді, ол өз кезегінде оқытушыдан студентке назар аударуды және студенттің болашақ мамандығына қажет болатын нәрсені оқытуды талап етеді.

Күтілетін оқыту нәтижелері - оқу процесі аяқталғаннан кейін білім, түсінік, дағдыларды анықтау (бағдарлама, пән, модуль), яғни бұл жағдайда оқу нәтижелері студенттің оқу мерзімі аяқталған соң білетін, түсінетін және көрсете алатындай құзыреттілік деңгейі мен тұжырымдамасын білдіреді. Олар бір пәнге (модульге) немесе оқу мерзіміне қатысты және кредитті есепке алу үшін қажетті жағдайларды анықтай алады. Оқытудың жоспарланған нәтижелерін оқытушы анықтайды.

Жаңа білім беру бағдарламаларға көшудегі негізгі міндеттердің бірі - студенттердің жетістіктерін бағалау әдістерін қоса алғанда, мақсаттарға және жоспарланған нәтижелерге сәйкес келетін білім беру технологияларын пайдалануға қатысты жұмыс берушілердің қатысуымен жасалған бағдарламаларды сыни талдау және сараптау, сонымен қатар бағдарламаның өзектілігі мен қазіргі заманның талаптарына сәйкес келетінін бағалау.

Жұмыс бағдарламаларын сараптамасын пәндік сала мамандары тобы жүргізеді. Ұсынылған оқу бағдарламалар келесі құрылымға ие болуы керек:

1. Оқу бағдарламаның сипаттамасы;
2. Оқу бағдарламаның құрылымы;
3. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері;
4. Қорытынды бақылау түрі.

Сонымен бірге сараптамаға ұсынылған білім беру бағдарламалары келесі бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келуі керек:

- жұмыс бағдарламалар мен оқу-әдістемелік кешендер білім беру, ғылым дамытудың басым бағыттарына сәйкес келуі және инновациялық бағытқа ие болуы;
- әзірлеу барысында жоғары білікті мамандардың қатысуы;
- заманауи ақпараттық оқу және оқу-әдістемелік материалдармен қамтылуы;
- оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады;
- студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін игеруін қамтамасыз ету.

Сараптама келесі түрде өткізу ұсынылады:

- жұмыс бағдарламаларын дайындау барысында мамандық бойынша оқытылатын пәндерді модульге бөліп, содан кейін түзету үшін кафедраның жетекші оқытушыларына тексерту;

- сарапшылар бір-бірімен келіспеген жағдайда ұжымдық сараптама өткізеді;
- пәнді оқитын оқытушылармен тобымен тезаурусын құрастыру кезінде ұжымдық сараптама өткізу.

- бірнеше пән оқытушыларымен бір пән бойынша сауалнаманы толтырған кезде алынған сараптамалық бағалау белгілі әдістермен қалыпқа келтіріледі және өңдеуден кейінгі бағалау есептеу үшін қолданылады.

Жұмыс бағдарламаларын сараптамадан өткізу тезаурус құру әдісіне негізделеді.

Тезаурус – синонимдер кітабы болып табылады, ол көбінесе байланысты сөздер мен антонимдерді қамтиды.

Оқу процесінің басында оқу жоспарына сәйкес кесте жасалады. Барлық оқытылатын пәндер модульге топталып семестрлерге бөлінеді. Оқытылатын пәндер бойынша жұмыс бағдарламалары дайындайды, олардың міндетті компоненттердің бірі пәнге арналған тезаурус болуы керек. Студент оқудың басында Н кілтті сөздер жиынтығынан туратын тезаурусқа ие болады.



Оқу барысында студентке пән бойынша ұсынылған теориялық материалды меңгеру мақсаты қойылады, оған тезаурус (мамандық бойынша) сәйкес келеді. Нәтижесінде, жоғару оқу орынын бітіргеннен кейін (материалды толық меңгергенде) студенттің тезаурусты құрайтын сөздер жиынтығы келесідей болады:

$$H = \sum_{i=1}^N H_i$$

мұнда N – білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын пәндер саны.

Пәндердің жұмыс бағдарламаларын сараптамадан өткізген кезде, H_i және H_{i+1} тезаурустың ара қатысының келесі нұсқалары мүмкін:

- жиынтықтар қиылысады, бұл сараптамадан өтетін жұмыс бағдарламалардың мазмұндарының қайталанатынын көрсетеді. Келесі кадамда – тезаурус құрамына кіретін сөздердің сәйкестік пайызын анықталады. Пәндер бойынша тезаурустар сәйкестігі белгіленген көрсеткіштен асып кетсе, жұмыс бағдарламасы сараптамадан өтпеген болып саналады және өңдеуге жіберіледі.

- жиынтықтардың ортақ мүшелері жоқ, яғни жұмыс бағдарламда қолданылған тезаурус қайталанбайды, демек оқу бағдарламасы сараптамадан өтті деп есептелінеді.

- бірінші тезаурус құрамын кіретін сөздер екінші тезаурус құрамына толық кіреді, бұл жағдайда салыстырмалы жұмыс бағдарламасы қайталанатын, сараптамадан өтпейді, себебі онда жаңа ақпарат жоқ.

Сараптаманы келесідей ұйымдастыру ұсынылады:

- жұмыс бағдарламаларына сәйкес пәндерді модульдерге бөліп, жетекші мұғалімдерге түзету үшін ақпарат беру;

- сарапшылардың бір бірімен келіспеген жағдайда ұжымдық сараптаманы өткізу;

- модуль пәндерінің тезаурстарын пән оқытушылардың қатысуымен ұжымдық талдау жүргізу;

- бірнеше пән оқытушылардың бірдей пән бойынша сауалнамаларын толтырған кезде, алынған сараптамалық бағалау белгілі әдістермен қалыпқа түседі және бағалау өңдеуден кейін бағаланады.

Сонымен, оқытылатын пәндер бойынша тезаурус құру жұмыс бағдарламаларды сараптаудан өткізу әдісі ретінде қолдануға болады. Бұл мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкестігін бағалау уақытын қысқартады және әдістемелік бөлімдер мен комиссиялардың жұмысын жеңілдетеді, бір пәннің мазмұнын екіншісімен қайталауға жол бермейді, атап айтқанда бұл элективті пәндерге қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Г.В.Панкина Требования к содержанию образовательных программ (государственных образовательных стандартов) среднего и высшего профессионального образования в России и за рубежом. - Москва: Академия стандартизации, метрологии и сертификации, 2011. — 164 с.

2. Г.К.Ахметова, А.К.Мынбаева, Г.Н.Паршина, А.М.Алыбаева. Проектирование образовательных программ: сравнительное образование. - Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2011. – 124с.

3. А.Н.Безруков, Ю.Н.Зиятдинова, А.С.Сухристина, А.М.Кочнев. Международные стипендиальные образовательные программы: учебное пособие. - Казань: Казанский национальный исследовательский технологический университет, 2015. — 123 с



ӘОЖ 15.81.70

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ІЗГІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ОҚУ-ТӘРБИЕ
ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**

Мустафа Әсемай Зәйтүнқызы

«Тарих және педагогика» факультетінің студенті

М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ,

Ғылыми жетекшісі-Карақпаева Сарбиназ Куанышбековна

Шымкент, Қазақстан

Аннотация: Өсіп келе жатқан бүгінгі ұрпақты мәдениетті, парасатты, білікті, көргенді, көрегенді етіп тәрбиелеу, олардың дүниетанымын жоғары деңгейге көтеру, қоғамды ілгерілету үдерісінде адами қасиеттерін дамытуға үлкен мән беру, ұлттық намысы жоғары ұлтжанды өкілдерді тәрбиелеу ісі ұстаздарымыздың еншісінде екендігі айқын десек те, бұл міндеттердің өмірлік практикада толық мәнді жүзеге асырылмай жататыны да белгілі. Олай дейтініміздің бір себебі, мектеп мұғалімдері мәртебесінің өз дәрежесінде қоғамдық ортадан көрініс таппауы.

Кілттік сөздер: білім, ұлт, мұғалім, мемлекет, пікір, мәртебе, талап, практика, педагог, болашақ, халық.

Қазіргі кезде білімнің беделі төмендеп, мәдениеттің, рухани байлықтың мәртебесі құнсызданып отырған жағдайда А.А.Бейсенбаева бұл гуманитарлық мәселені шешудегі негізгі тұлға – мұғалімге үлкен мән береді және «Себебі білім беруді ізгілендіруде педагог маманның мәртебесін көтеру елімізді өркениетті мемлекеттер деңгейіне жеткізудің басты шарты деп есептейміз» - деп біледі [1]. Педагог-ғалымның бұл пікірі құптарлық ой десек те, оның қамтамасыз етілуі бірқатар зерттеулердің, жұмыстардың атқарылуын талап етеді.

Зерттеу жұмысы барысында қарастырылып отырған тақырып аясында:

- 1) мектеп мұғалімдері және олардың білімі, іскерліктері мен сапалық қасиеттері;
- 2) білім беру, оның ішінде жоғары педагогикалық білім берудегі педагогика курсы және оның болашақ педагогтарды даярлаудағы рөлі;
- 3) білім беруді ізгілендірудің мақсат, міндеттері;
- 4) гумандық педагогиканың қарастыратын мәселесі немесе гумандық педагогиканың рөлі педагогикалық еңбектердегі сипатталуын айқындау қажеттігі туындайды.

Педагогикалық жүйеде педагогтың атқарар рөлі, алатын орны өте жоғары екендігі белгілі. Ол жөнінде қазақ ағартушылары және жазушы педагогтары Ы.Алтынсарин және А.Байтұрсыновтың айтқан пікірлерінің мәні өте зор. Мұғалім туралы қазақтың аса көрнекті қайраткері, ақын, аудармашы, лингвист-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керегі білімді, әрі педагогика, әдістемеден хабардар, оқытып білетін мұғалім» деп баға бергені бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ [2].

Қазақ халқының баға жетпес асыл арманына айналған ірі зиялысы, ойшыл ғұлама, ағартушы педагогы М.Жұмабаевтың 1922 жылы Орынборда алғаш жарық көрген тұңғыш «Педагогика» оқулығын мұғалімге тарту етіп ұсынғаны педагогтарымызға белгілі. Оның ішінде М.Жұмабаевтың мұғалімдерге: «Қазақтың қаны бір, жаны бір, жолбасшысы - мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі!

Бірге оқысқан, бірге оқытысқан жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері!» - деп педагогтарға жоғары баға бере отырып, өзінің төлтума еңбегін ұсынады [3]. Бұл айтылған ойлардан ұлы ағартушының мұғалімге, оның еңбегіне, қазақ халқының болашағына деген шынайы махаббатын, адал азаматтық ниетін байқауға болады.

Мұғалімнің еңбегін және олар жөніндегі құнды ой-пікірлердің мазмұнын зерделей келе, А.А.Бейсенбаева мұғалімнің маман ретіндегі тұлғасының моделін ұсынады:



- мұғалім – ол шын мәніндегі қоғамдық - әлеуметтік даму үдерісінің адам санасындағы күрделі жаңғыру барысына тікелей қатысы бар маман;

- педагогикалық үдеріске ие бола алатын әрекетті және тұтастай толыққанды қасиеті бар, шығармашылық ойлау қабілеті жетілген, өздігінен білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеу дағдысы қалыптасқан, гуманистік қоғамдық еңбек қатынасын орната алатын маман, мұғалім қазіргі заманның өркениетті, прогресшіл бағытына сай кәсіби бейнесі бар, ең жоғары мәдениетті маман;

- өз бойында жаңа ойлау жүйесін қалыптастыра алатын, болашақ мамандығына қажетті азаматтық, адамгершілік қасиетті тәрбиелейтін, оны бағалай алатын және үнемі жетілдіретін, қазіргі қоғам өміріндегі кең қанат жайып отырған еңбек үдерісі жайында жұмыс істей білуге қабілетті, білікті маман;

- бәсекелік нарықтық экономика негізінде құрылған қоғамда іскерлік, өзгерісті жағдайға тез бейімделгіш, әрекетшіл, қарым-қатынас жасауға алдын-ала талаптанушылық, өз ісінің басқалардан артықшылығын көре білушілік, істің нәтижелі болуына көз жеткізушілік қасиеттері қалыптасқан болашақтың жасампаз маманы.

Шын мәнінде, бұл модель қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани дамуының жаңаша ойлауы сатысында жоғары мектептің оқу-тәрбие үдерісіне өзгеріс енгізуге ықпал жасайды. Ол жөнінде педагог ғалым: «... барлық тұлғалық қабілеті мен деңгейлік мүмкіндіктерінің еркін дамуына, шығармашылық пен кәсіби талғамына, ар-ожданының имандылығына, әлеуметтік азаматтық құқығының қорғалуына себеп болады» - деп түсінік береді.

Білім беру ісін үздіксіз дамыту, сонымен бірге оқу-тәрбие жүйесін жаңа сатыға көтеру міндеттерін мұғалім қызметінсіз жүзеге асыру мүмкін еместігі белгілі. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жетілдірудің бағдарламалық міндеттерін шешу болашақ мамандардың кәсіби біліктілігіне, мәдениетіне, рухани кемелдігіне тікелей байланысты.

Мұғалімге үлкен мән беру кеңестік кезеңнің тұсында да орын алған. «Халық мұғалімі – жас өспірімнің рухани дүниесінің мүсіншісі, қоғам өзінің ең қымбаттысы, ең құндысы – балаларды, өзінің үмітін, өзінің болашағын сеніп тапсыратын сенімді өкілі. Осы аса ізгі және аса қиын кәсіп, бұған өз өмірін арнаған адамнан тұрақты шығарманы, ойдың тынымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын, балаларға сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап етеді» - деп жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында атап көрсетілген.

Мұғалім – адамға жан-жақты білім беретін, адамды адам етіп тәрбиелейтін мамандық иесі. Тәрбие деген аталы ұғымның пайда болғанынан бері бұл қызметтің ең беделді, әрі ең білгір адамдарға тапсырылатыны сондықтан. Осыған орай біздің қоғамымызда мұғалім – тәрбиешілердің еңбегіне зор мән берілген. Ол жөнінде төмендегі ой пікірлерден байқауға болады.

А.Құнанбаев «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға».

Д.Писарев «Тәрбиедегі басты мәселе –тәрбиешінің кім екендігінде».

Л.Толстой «Егер ұстаз өз ісін де, шәкіртін де жақсы көре білсе, ол - нағыз ұстаз».

Джон Локк «Бүкіл халықтың тұрмыс халі балаларды дұрыс тәрбиелеуге байланысты».

Мұғалім және оның педагогикалық іс-әрекеті жөнінде кезінде көптеген ғұламалар, педагог-ғалымдар өздерінің пікірлерін жазып қалдырған, мәселен, олар: француздың ұлы ойшыл, педагогі Ж.Ж.Руссо (1712-1772), швейцар педагогі И.Г.Песталоцци (1746-1827) т.б. Кеңес дәуірінің ірі педагогі А.С.Макаренко (1888-1939) мұғалімнің өз ісіне жан-тәнімен берілуі, балаға деген зор сүйіспеншілігін көрсетеді деп білген. А.С.Макаренко балаға деген сүйіспеншілікті талап қоя білушілікпен ұштастыру керек деп әлденеше рет ескерткен. Ал В.А.Сухомлинский балалармен күнделікті қарым-қатынаста болу адамға деген сүйіспеншілік, сенімділік сынды қасиеттерді арттыратындығы туралы жазған.



Мұғалім еңбегінің әлеуметтік құндылығы жөнінде Ян Амос Коменский мұғалімдерге «ең тамаша міндет жүктелген, күн астында одан жоғары тұрған ешнәрсе жоқ» - деп жазса, К.Д.Ушинский « Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі» - деп пікірін білдіреді.

Мұғалімдер жөнінде жоғарыдағы айтылғандардан бөлек:

- мұғалім қоғам мен өскелең ұрпақ арасындағы байланыстырушы сарапшы;
- мұғалім – бұл болашаққа ұмтылған адам;
- мұғалім ең күрделі үдерістерді – жеке адамды қалыптастыру үдерісін басқарады - деген мұғалім туралы мәнді де мағыналы пікірлерді кездестіруге болады.

Мұғалім оқушының жеке басының дамуын, қалыптасуын, білім беру мен тәрбие және оқыту үдерісін басқарады. Сондықтан да қоғам мұғалімнен жан-жақты терең ғылыми білім, жоғары педагогикалық шеберлік, идеялық шыныққандық, саяси-моральдық қасиет, табанды ерік-жігер, парасатты мінез-құлық талап етеді.

Қай кезеңді алып қарасақ та мұғалім еңбегі өзінің мақсаты, мазмұны және қоғамдағы алатын орны жағынан ең құрметті болып танылған. Педагогикалық іс-әрекет қиындағы мол қызмет. Мұғалім қабілеті мен бейімділігі әр түрлі, қызығушылығы, мінез-құлқы мен әдет-ғұрпы, түсінігі мен көзқарасы әр деңгейдегі жасөспірімдерді тәрбиелейді. Олардың әрқайсысының өзіндік жекелеген ерекшелігін дамыта отырып, ынтымақты, тату-тәтті, жарасымды ұжымға топтастыруды көздейді Мұғалім әр балаға жеке адам деп шынайы қамқорлық жасағанды ұнатады. Адам жанын да, қоғамды да, табиғи ортаны да ізгілікке бөлейтін пәрменді ерекше құрал – мәдениет. Ал мұғалім мәдениетінің қайнар көзі - әдебиет пен өнер шығармалары.

Қазіргі заман мұғалімі қызметіндегі ең басты ерекшеліктің бірі - жастарға рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде ықпал жасауды күшейту және сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматын, еңбеккерлерін және отан сүйгіш жас ұрпақты тәрбиелеп шығару. Бұл үшін мұғалім табиғат, қоғам, адам, айнала қоршаған дүние туралы үнемі ізденіп, жан-жақты білімін жетілдіруі шарт.

Мұғалім адам тану мамандығының иесі. Себебі, бала енжар материал емес, керісінше, белсенді, танымды тасымалдаушы субъекті. Мұғалім еңбегі іскерлікті, сезгіштікті, шыдамдылықты әрі сергектікті талап етеді. Мұғалім – бала жанын сезе білуге, түсінуге бейім, онымен үнемі бірге болудан, араласудан жалықпайтын және одан өзіне зор ләззат алатын адам.

Мұғалімнің балаға деген махаббатының шынайылығы оның бойындағы барлық қасиеттерді ауыстыра алмайды, қайта басқа қасиеттердің айқын көріне түсуіне негіз болады. Мұғалімнің балаға сүйіспеншілік сезіммен, құрметпен қарауы балада да мұғалімге деген сыйлау сезімін тудырады. Мектеп өміріне көз салсақ, балалар бір қарағанда алдымен математика, не физика, химия мұғалімін жақсы көреді немесе ұнатпайды, содан кейін біртіндеп мұғаліммен бірге оның беретін физика не химия пәніне қызығып, не теріс көзқарас көрсете бастайды. Екінші жағынан, балаға шын ықыласы бар мұғалімнің өзінің мамандық қызметіне де қызығушылығы арта түсетінін көруге болады. Л.Н.Толстой мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен біріктіре алса, онда ол - шын мәніндегі заман талабына сай мұғалім бола алатынын өсиет етіп айтқан.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Адам құқығы конвенциясы. Педагогикалық дәріс курсы. Алматы: «Нұрлы әлем» 2003. 35-43 .
- 2.Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. /Егеменді Қазақстан. 1996. -№ 2. -20 тамыз.
3. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңы. – Астана, 2007, 27-шілде.



- 4.«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы»,// Жоғары мектеп, 2004. –№1. -5-8 бб.
5. Әл-Фараби. Трактат және өлеңдер. - Алматы: Ғылым. 1974. - 298 бет.
6. Махмұд Қашқари. Диуани ұлағат ата-түрк. Орта ғасырдағы түрік ойшылдары. Жиырма томдық. 5-том. – Астана: Аударма, 2005. - 528 б.
7. Баласағұни Ж. Құтты білік. - Алматы: Жазушы. 1987. - 355 б.
8. Ясауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. – Алматы. 1993. - 260 б.
9. Алтынсарин Ы. Шығармалар толық жинағы. - Алматы: Жазушы. 1988. - Т1. -208 б.
10. Құнанбаев А. Шығармалар толық жинағы. - Алматы: "Ғылым", 1987. Т 1. - 281 б.
11. Аймауытов Ж. Психология //Қазақстан мектебі. 1993. -№12. - 44-45 бб.
- 12.Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер /Құрастырған: Шәріпов Ә, Дәутов С.-Алматы: Жазушы, 1989. - 319 б.
13. Жұмабаев М. Шығармалары. -Алматы: Жазушы. 1989. - 293 б.
- 14.Амонашвили Ш.А. Школа Жизни. – М.: Изд. Дом Шалвы Амонашвили, 2000.

ОӘЖ – 373.1..02:372.8:514

ПРОБЛЕМАЛЫҚ-ІЗДЕУ МІНДЕТТЕРІ – ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚИТУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Абдрахманова Алтынай Алимжановна

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Техникалық факультет студенті,
Ғылыми жетекші – Тасболатова Рыскуль Байтұрсыновна
Талдықорған, Қазақстан

Аннотация: Мақалада проблемалық оқытудың кезеңдері мен оқытушыға қойлатын міндеттер сипатталған, сонымен бірге проблемалық оқыту технологиясын қолданудың артықшылықтары мен нәтижелілігі көрсетілген.

Тірек сөздер: проблемалық оқыту, таным, мәселе, дағды, ізденіс.

Еліміз егемендік алғаннан бері, қоғамдық өмірдік барлық салаларында өзгеріс болуда, соның ішінде білім беру жүйесіндегі негізгі мәселенің бірі – білімгерлердің білім сапасын халықаралық дәрежеге жеткізіп, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. А.Байтұрсынов өз заманында: «Елді түзетуді бала оқыту ісінен бастау керек» деген болатын. Өткен ғасырда айтылған бұл сөз бүгінгі күнде өз құндылығын жоғалтқан емес, себебі Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауында «Ұлттық бәсекеге қабілеттілік бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» деген баламасына сәйкес қазіргі таңда оқытудың тиімді әдістерін таңдай білу әдістемесі жетілдіруде. Соңғы жылдары оқыту процесін ізгілендіру, практикаға бағыттылығын күшейту мақсатында әр түрлі жаңа технологиялар пайдаланылып, нәтиже беріп келеді. Жаңа технология әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған Джинни Л.Ситл, Куртис С., Занков В., Давыдов В.А., Эльконин Д. В., Выготский Л.С., сияқты білім берушілердің бірлескен еңбегімен проблемалық оқыту әдістемесі басшылыққа алынып, мектеп тәжірибелеріне ене басталды.

Заманауи білім берудің негізгі мақсаты маманның әлемді шығармашылық түрлендіру әдістемесін игеру болып табылады. Шығармашылық процестің басты міндеті жаңашылдық болуда: жаңа нысан, жаңа білім, жаңа мәселе, жаңа әдістер мен шешімдері. Осыған байланысты шығармашылық процесс ретінде проблемалық оқыту стандартты емес міндеттерді шешу болып табылады. Егер оқытушы тапсырмаларды білімді бекіту үшін ұсынылса, онда проблемалық тапсырмалар бұл- шешімдердің жаңа әдістерін іздеу.



Проблемалық оқыту деп стандартты емес тапсырмаларды шешуді үйрету кезінде жаңа дағды, білік пен қабілеттерді қалыптастыру деп айтуға болады.

Проблемалық оқыту теориялық және практикалық мәселелерді шешу арқылы жаңа білім алуға негізделген.

Кәсіптік ойлауды қалыптастыру бұл - шығармашылық пен проблемалық көзқарас арқылы мақсатқа жету болып табылады.

Кәсіптік ойлауды қалыптастыру жеке тұлғаның мамандығын таңдап, жоғарғы оқу орындарында қажетті курстарға қатысу арқылы орындалады. Жоғарғы оқу орындарындағы білімгерлерді дайындау оларда маман иесі ретінде керекті шығармашылық қабілеттерді қалыптастырады:

- өздігінен проблема тұжырымдау мен іздеу;
- гипотезаны ұсыну, оны тексеру әдістерін ойлап табу;
- мәліметтер жинау, саралау және өңдеу әдістерін ұсыну;
- қорытынды шығару және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану;
- мәселені танып, оның шешу жолдарын табу мүмкіндігі, ал ұжымдық жұмыс кезінде мәселені шешуде ролдерді анықтау.

Проблемалық оқыту элементтері антика және қайта өрлеу дәуірінде қолданылған.

Оқу материалындағы проблемалық оқыту мазмұны білімді дайын күйінде мәлімдеу емес, шешу әлістері мен жолдарын табуға итермелейтін проблемалық міндеттер қоюмен тұжырымдалады. Мәселенің өзі де жаңа білім мен дағдыны қалыптастыруға жол салады. Дәстүрлі педагогикалық стратегияда – «білімнен проблемаға» – дайын нәтиже берілгендіктен өздігінен ғылыми ізденіс дағдылары қалыптаспайды. Ғалымдар «білімнен проблемаға» стратегиясын «проблемадан білімге» ауыстыруға ерекше көңіл бөлуде.

Т. В. Кудрявцев, А. М. Матюшкин, З. И. Калмыкова және т.б. психологтар проблемалық оқытудың түрлі психологиялық негіздерін әзірледі. Шәкірттердің алдында мәселе, танымдық міндет қойылады және білімгерлер (оқытушының тікелей қатысуымен немесе өз бетінше) оны шешу жолдары мен тәсілдерін зерттейді. Олар гипотеза ұсынады, оның шынайылығын тексеру тәсілдерін анықтайды, талқылайды, эксперимент және бақылау жүргізеді, олардың нәтижелерін талдайды, дәлелдейді.

Проблемалық оқыту бірнеше кезеңнен тұрады:

- жалпы проблемалық жағдайды түсіну;
- проблеманы талдау, нақты мәселені тұжырымдау;
- проблеманы шешу (ұсыну, гипотезаларды негіздеу, оларды жүйелі тексеру);
- проблеманың дұрыс шешілуін тексеру.

Бұл процесс проблемалық жағдайда пайда болатын және проблеманы ұғынуды, оның шешімін және түпкі ақыл-ойды қамтитын ойлау актісінің үш фазасына ұқсас орындалады. "Ойлау проблемадан өз бастауын алады, ойлау барысында адам алға ілгерілеуге кедергі келтіретін қандай да бір түсініксіз қиындықтарды бастан өткере бастағанын білдіреді», деп атап өтті А. В. Брушлинский.

Сондықтан проблемалық оқыту білім алушылардың талдамалы-синтетикалық қызметіне негізделеді. Бұл үлкен даму әлеуеті бар эвристикалық зерттеу түрі.

Проблемалық оқытудың негізгі ұғымдарына: "проблемалық жағдаят", "проблемалық міндет", "проблема", "проблемалық деңгейлер", "проблемалық ұстанымдар", "проблематизация" және т.б. жатады.

Оқыту мақсатын іске асырудың шарты жасырын және айқын түрде кез келген объекті мен субъектіге тән, ішкі және сыртқы проблемалардан тұрады.

Проблемалық жағдаят - шешуді талап ететін, іздендіретін, ойландыратын күрделі жағдайдың тууы. Проблеманы ашатын механизм объект пен субъектінің проблемасы, яғни объектіге тән ішкі және сыртқы қайшылықтарды ашу процесі болып табылады.



Проблемалық жағдай - субъект пен объектінің өзара іс-қимылы кезінде интеллектуалдық қиындықтардың психикалық жағдайы ретінде көрінетін эксплицитті немесе имплицитті айқын көрінетін объективті проблемаларды ашу тәсілі.

Проблема - адамның даму процесін туындататын және материалдық пен идеалды кеңістіктегі қозғалыс мазмұны мен процесінің бірлігі. Бұл процесс үздіксіз.

В. Оконяның пікірінше, «Мәселені шешу арқылы оқу процесінің мәні әрбір жағдайда оқушының өз бетінше шешім табуға мәжбүр болатын жағдайды жасауға әкеледі. Оқытушының рөлі білімгердің практикалық немесе теориялық сипаттағы қиындықтарды сезінуі, оқытушы қойған мәселені анықтауы немесе оны өзі қалыптастыруы, проблеманы шешуге қызығушылық тудыру, оны шешуі болып табылады.»

Жоғары білім берудің заманауи жүйесінің басты мақсаттардың бірі болашақ түлектерді өмір бойы өз кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыруға дайындау деп саналады. Осыған байланысты ЖОО-ның білім беру жүйесінде білімгердің өзіндік жұмысы ерекше маңызға ие болады, ол жұмыстың басқа түрлерінен ерекшеленеді, ол білімгердің алдына мақсат қояды, оған жету үшін тапсырманы және алдағы қызмет түрін таңдайды. Сонымен қатар, білімгердің өзін-өзі жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру мәселесіне назар аудару қажет. Бұл үдеріс ұзақ, күрделі, көп кезеңді, бірақ мұнда білім алушының өзіндік жұмысқа қабілеттілігі артады. Нәтижесінде сапалы білім алған білімгер еңбек нарығында сұранысқа ие болатыны түсінікті. Бұл ретте заманауи білімгерлер озық технологиялардың пайдаланушысы бола отырып, белгілі бір дәрежеде инфантилизммен ерекшеленеді. Осыған орай, білімгердің өзін-өзі жетілдіруге дайындығын қалыптастыруда білім беру үдерісін ұйымдастыратын оқытушының атқаратын ролі үлкен.

Проблемалық оқытудың мақсаттары мен әдістерінің ерекшелігі педагогикалық үдерістегі оқытушының ролін айтарлықтай өзгертеді және педагогке қойылатын жаңа талаптардың пайда болуын болжайды. Проблемалық оқыту технологиясын ұйымдастыратын және қолданатын оқытушы алдында тұрған бірқатар негізгі міндеттерді белгілейміз:

- 1) ақпараттық қамтамасыз ету;
- 2) зерттеу бағыты;
- 3) оқу материалының мазмұнын және құрылымын өзгерту;
- 4) білімгердің танымдық белсенділігін ынталандыру.

Олардың әрқайсысын егжей-тегжейлі сипаттайық.

Айта кету керек, ақпараттық қамтамасыз ету білімді дайын түрде ұсыну емес, біріншіден, проблемалық жағдайларды қою болып табылады, олардың барысында студенттерге қарама-қайшылықтың пайда болуы үшін қажетті, білім алушыларды іздеу жағдайына итермелейтін, ең аз ақпараттық деректер беріледі, екіншіден, проблемалы міндеттерді табысты шешу үшін талап етілетін қолда бар ақпаратты пайдалану мүмкіндігі, бұл кезеңде студенттердің жақын даму аймағының шегінен шығады. Қалған, жетіспейтін барлық ақпаратты іздеуді білім алушылар дербес немесе оқытушының көмегімен жүзеге асырады.

Келесі міндет-зерттеу бағыты-оқытушының жағдайын, оның проблемалық оқыту технологиясын ұйымдастыру және қолдану кезіндегі орны мен ролін сипаттайды. Оқытушы білімнің трансляторы болуын тоқтатады: таңдап алынған оқыту әдісіне және ұсынылған жағдайдың проблемалық деңгейіне байланысты ол білім алушылар үшін білім беру міндеттерін шешу үшін қажетті білімді іздеуде көмекші немесе жетекші болады. Проблемалы оқытудың ерекшелігі оқытушының оқу үдерісіне қосылу керек болған сәтті дер кезінде көру және тану, қажет болған жағдайда оны талап етілетін проблемалы жағдайға қолдау көрсету болып табылады. Оқытушының осы міндеттің жеке аспектісіне, сондай-ақ, оқушылар тобында тапсырманы орындауды ұйымдастыруды және әдістемелік қамтамасыз етуді жатқызуға болады.



Оқу материалының мазмұнын және құрылымын өзгертуде, біздің пікірімізше, оқу процесінде проблемалық оқыту технологиясын пайдалану кезінде объективті себептерге байланысты білімгерлер оны зерттеудің дәстүрлі тәсіліне қарағанда нақты материалдың аз көлемі зерттелуі мүмкін, бұл оқу материалының құрылымын оған проблемалық сипат беру мақсатында айтарлықтай өзгертуді көздейді. Осыған байланысты оқытушы проблемалық жағдайлардың органикалық жүйесін өз бетінше құрып, оны нақты білім алушылардың оқу материалын меңгеруінің жеке қарқынын ескере отырып, оқыту процесіне бейімдеуі қажет.

Білім алушылардың оқу үдерісінде танымдық белсенділіктің қажеттілігі мен рөлі кез келген оқыту технологиясы аясында түсіндіріледі. Проблемалық оқыту білім алушылардың ішкі уәждемесінен, олардың қажетті білім мен іскерлікті меңгерудегі саналы қажеттілігінен болатын зияткерлік белсенділіктің басымдығын таниды, бұл оқу процесінің үлкен тиімділігін қамтамасыз етеді. Проблемалық оқыту технологиясы аясында студенттердің танымдық белсенділігі бір жағынан маңызды мақсаттардың, екінші жағынан педагогикалық процестің қажетті элементтерінің біріне айналады. Проблемалық жағдайларды құру үдерісі студенттердің ой-өрісін жандандырады және олардың оқылатын пәнге үнемі танымдық қызығушылығын қалыптастырады. Ол білім алушылардан белгісіз адамдармен жұмыс істеу дағдыларын игеруді талап етеді, оларға зерттеу іс-әрекеті тәжірибесін алуға мүмкіндік береді, студенттердің ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, бұл жағдай әрбір білім алушының жеке басының сипаттамасында табиғи түрде бекітіледі, оның негізін қалыптастырады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, проблемалық оқыту міндеттерінен және осы технологияны ұйымдастыруда және пайдалануда оқытушының өзі атқаратын ерекше рөлінен туындайтын оқытушыға қойылатын негізгі талаптарды анықтаймыз. Білімгерлердің іс-әрекеті ізденушілік, өзіндік сипатты сақтау үшін оқытушы білім алушылармен бірге туындайтын міндеттерді шешу үшін оқу процесін ұйымдастыруы, "мұғалім" мен "оқушы" арасында функцияларды бөлуге емес, олардың арасында оқу міндетін шешудің дәйекті кезеңдерін бөлуге сүйенетін бірлескен іздестіруді жүзеге асыруы тиіс. Бұл жағдайда білім алушының бірлесіп бөлінген қызметке қатысу дәрежесі мен нысандары оның нақты мүмкіндіктерімен анықталады, олардың кеңеюіне қарай оқытушы білімгерге одан да көп және одан да көп ауқымды функцияларды беруі тиіс. Сонымен қатар, оқу процесінің ең жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін оқытушы білімгердің жасаған іс-әрекетінің нақты нәтижелеріне ғана емес, оның ізденісінің кезекті кезеңінің бағыты мен мазмұнын анықтаудың болжау мүмкіндігіне қарай бағдарлануы тиіс. Осындай болжамдық бағаға сәйкес оқытушы оны шешудің әрбір кезекті кезеңінде оқу міндеттерінің шарттарын қайта құрады.

Сонымен, "таза білім" жоқ, сондықтан оқытушы әрбір білім алушы өзі үшін оқылатын материалдың ең қызықты және жеке маңызды аспектісін табу үшін білімгерлердің пәнмен өзара әрекеттесуіне жағдай жасауға тырысу керек. Дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімгерлердің коммуникативтік құзыреттілігін, рефлексивті және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеттерін барынша шешуге мүмкіндік береді. Осылайша, проблемалық оқыту технологиясы білімгерлердің ғана емес, сонымен қатар оқытушының өзіндік жұмысын дамыту құралы болып табылады. Проблемалық оқытуды ұйымдастыру оқытушыдан процестің нақты барысын талдай білуді және осы негізде оқу міндеттерінің шарттарын өзгерте отырып, оны одан әрі өрістетуге мүмкіндіктеріне жағдай жасайды. Мақалада келтірілген материалдардың білімгерлерге, жас мамандарға тигізер пайдасы мол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Тасболатова Р. Болашақ математика мұғалімінің құзырлылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Оқу құралы. Қарағанды: 2018.



- 2.Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-Алматы: 2007.
- 3.Мұхамбетжанова С.Т., Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.
- 4.Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. Москва.: Народное образование, 1998.
- 5.Дәулетбекова Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Алматы: Мектеп, 1997.

УДК 004

MODERN WEB DESIGN TRENDS

Zaripov Olimjan Kuvandiq o'g'li

Nukus state pedagogical Institute named after Ajiniyaz
Nukus, Republic of Karakalpakstan

Annotation: The article discusses modern web design trends and areas of their shading.

Keywords: Website, web design, storytelling, flat design, 3D models, Virtual tour, web resource.

In the twenty-first century, people are faced with web designers projects every day just by browsing various Internet resources. To date, we can safely say that websites have ceased to be simple sources of information, many of them have become real works of art. In this regard, the struggle for the attention of the Internet user has intensified. Now web designers have a task to come up with and implement modern and most attractive projects for the target audience. However, there is no ideal and effective scheme for solving this problem. But, as in many other areas, web design has a variety of special techniques and principles that allow you to make the final product interesting for the user. In other words, these are trends. Every year, you can see the formation of new technologies that allow you to improve the appearance of web pages, so it is extremely important to follow the constantly changing trends in this area. The appearance of a website can quickly become outdated, which will lead to a decrease in competitiveness and lower clickability on the part of users. For this reason, today many sites are constantly undergoing various stages of redesign.

A few decades ago, when the Internet was just beginning to develop, design solutions in the field of web design were limited to a low level of technology development: Internet resources looked boring and monotonous. However, now web designers are almost unlimited in their actions. Various technical innovations, as well as analysis of user feedback, allow you to create a variety of sites that can fully meet the requirements and tastes of their target audience.

However, it is also necessary to try not just to follow all current trends, but also carefully select them, applying to each web project relevant design directions for it. Therefore, it is extremely important for a web designer to navigate all the changes in this area in order not only to be able to attract the right audience, choosing from the vast stream of trends those that will meet the needs of users, but also to make it easier for them to find information using advanced content delivery techniques.

First of all, when it comes to web design, we talk about effects and graphics. Although a website is primarily information, not its visual design. It is always important to focus on content. It is based on its specifics that the site's style and interface features will be formed. But, monotonous and too large in volume text users on the Internet is perceived extremely difficult. Therefore, a somewhat bi-directional trend has recently emerged: either uncompromising



reduction and simplification of information, or splitting a large text into small, easily perceived fragments and diluting it with an equal number of visual components.

In the field of Internet business, including corporate web design, there is another trend based on content delivery. The so-called storytelling, translated from English "storytelling" – storytelling, storytelling. When considering this term in the context of marketing, it can be interpreted as giving information about a product or service in a story. Storytelling is especially popular in the narrowly focused field of business related to architecture and design, where it is important not just to present dry facts, but to tell the client about the process of creating the project, who participated in it, what stages were passed, what unique solutions were found and why everything took the form that is embodied in life.

As for trends and changes affecting web design in its comprehensive meaning, one of the main directions of recent years has been flat design and its subsequent evolution. Another name for this phenomenon is flat design. Flat design is characterized by the most simple, "flattened" image of objects. Distinctive features of this direction can be considered:

- using two-dimensional objects, any elements that give the effect of depth and volume are excluded, only its contours are used in the image of the object;
- elements should look as simple as possible, which uses monosyllabic shapes with clear contours;
- it is necessary to use different types of fonts correctly, they should be simple and not stand out from the General design;
- a flat design should include only a few basic colors without transitions and gradients that can be bright [30].

The modern web design community considers this trend to be quite promising, for the most part because of its evolutionary perspectives. Already at the moment, it is undergoing some qualitative changes. For example, deviating from its own principle of excluding three-dimensional elements, it introduces semi-flat objects. This creates an unusual combination of planar space and elements that create depth and perspective.

Flat design originates from a minimalist style, which in turn is also gaining popularity among web designers. Today, the information load on a person is incredibly high, so the desire for simplicity is completely justified. Avoiding excessive use in favor of simple and concise forms and solutions will make Internet surfing less tedious, and the simpler and clearer the website interface, the more likely it is that the user will easily find the information they need. Moreover, the user will subconsciously feel more confidence in such resources than in sites that contain "hidden" information, are visually overloaded and incomprehensible for use. This is especially true in the field of corporate web design, when it comes to the ability to transfer a user from the category of potential customers to the category of real ones.

Thus, this trend is primarily aimed at ensuring that the user is not distracted from displaying the "right" emotions while using the website. However, minimalism does not exclude the use of a bright accent. This emphasis can be considered a video, image, or typography element, that is, an object that best conveys the main idea of the website.

Transparent buttons can be considered another important trend that follows from the previous one. In this case, the button frame remains empty, only the contrasting outline is highlighted, passing through the color and texture of the main background. This technique will be a good addition if the stylistic minimalism. This button will not actively attract attention, but, at the same time, will become a bright accent.

As another global trend that has started to gain popularity due to the development of mobile devices, it is necessary to highlight such a concept as cross-platform or adaptability. Adaptive web design ensures the correct display of web pages on various devices, that is, it is able to adjust to certain browser window sizes without quality losses. Due to the increase in mobile devices and their users in recent years, site adaptability is becoming not just a guarantee of site success, but also a kind of necessity. The main task in this case is to make the site easier



to use on devices with different resolutions. Web designers are increasingly using a flexible site layout so that it can be easily transferred to devices with different diagonals. In this case, web pages will look the same both on the PC screen and on the mobile phone. Otherwise, if the required page cannot be adjusted to the device used, the user can refuse to view the site. However, despite all the advantages, there are also opponents of adaptive design among web designers. Among the significant sinuses of this trend, they highlight the increase in site loading, the inability to view the full version, excessive page lengthening or switching to horizontal scrolling, which in turn makes it difficult to scroll from a PC. It should be noted that sites with a scrolling system will not disappear in the near future, but now we can note a trend towards the synthesis of classic navigation with scrolling elements.

Today, technologies can qualitatively improve the appearance of a site, so several other trends can be attributed to the category of visual effects. This is an active use of 3D elements and animation. Animation has been gaining popularity since 2017 and was then used more to attract the user's attention. However, now it, of course, ceases to carry a purely decorative function and acquires a semantic load. Various effects: softening, smooth transitions, animation in navigation, all this helps users to interact with the website comfortably. The same thing happens with 3D effects. Such elements not only beautify, but also increase the informative value of presented content, for example, allowing the user to see the commodity as representing it in a 3D model, visible 360 degrees. This function is also becoming relevant in the field of corporate web design, which is focused on providing services in the field of design and architecture. 3D models of interiors, apartments or entire houses that allow the client to literally "get inside" increases interest and gives the opportunity not only to consider the details of the design project, but also to evaluate the skill of the designer.

In web design, along with animated elements, you can trace the trend towards using video. Such a strong and accentuated component helps to make the site design much easier. The user does not need to perform a huge number of actions – just watch the video. This technique allows you to make the website more ergonomic and functional. In addition, the video visually "enlivens" the page. In addition, it can be used not only as an additional source of information, but also as a decoration, for example, to place a video sequence on the starting web page or make it part of the background. For many years, the dominance of photos in the field of web design, users are used to photos and static, so the video is surprising and attracts attention. However, this solution is not appropriate in all areas. Corporate Internet resources in the field of architecture and design can become one of the examples of successful use of video.

Also recently, special attention is paid to typography. Typography is an essential element of the site. When accessing the site, the user first wants to get information, therefore, pays attention to the text. Therefore, the basics of typography are very important for web design [31]. The trend to use non-standard fonts and large labels as key elements of website design was born in 2016 and continues to develop until now. This is partly due to the growing trend of minimalism, as well as the accelerated development of mobile devices. In a way, minimalism calls into question the need to use the basic components of web design. This allows labels to become independent elements of the space. Also, fonts have become much larger, which was due to the need for web designers to adapt Internet resources to different devices. The font as an element of web design looks good on both smartphone displays, mobile phones, and PC screens. this design solution attracts attention and helps to fully convey the message encrypted in it to the user.

In this area, there is also a tendency to use typographic elements as part of the background space. Today, web designers create interesting relationships between all used elements in the web page space, integrate typography into the background, or animate it. The maximized font becomes the main focus and often attracts more attention than the image. Today, fonts can be considered the main graphic element, along with a personal sign.



Geometric sans-serif fonts are also gaining popularity, such as classic Futura, ITC Avant Garde, Proxima Nova, and others. These fonts are more expressive in comparison, for example, with the category of neo-grotesques [32].

There are also some narrow trends in certain categories of web design. Corporate web design is no exception. Today, in the sphere of corporate sites dedicated to architecture and design, there is one dominant trend—the use of a large-format image or photo on the start page. An image can take up 80 to 100% of the total space. Examples of such solutions can be found in many companies—American "STUDIO ARCHITECTURE" and "LOHA", Mexican "Creato", French "As architecture studio", New Zealand "Brown architects", English "North design", Russian "MOPS". This trend is not surprising, because it is in the field of design and architecture that images can be turned into hyperrealistic 3D visualization, and such a design element can become a strong and bright accent. In connection with this

the so-called virtual tour, for example, of an interior design or a completed project, becomes an opportunity, a distinctive feature of websites of this type. A virtual tour is a way to model a three-dimensional space by sequentially connecting a video sequence or panoramic images. This technique can also use other multimedia elements, such as sound effects, music, narration, and text. A virtual tour can be called an incredibly effective marketing tool that allows you to show a potential consumer a product or service from a new perspective. With the help of bright and memorable images it creates a presence effect in the viewer and allows you to get the most complete information about the object.

To sum up, it is impossible to deny the increased role and incredible demand for web design in the modern world. Every time you go to the Internet, the user is faced with different web pages, which means that the web design. Today, it is becoming a key component of a website and the key to its success, because web design can have a significant impact on the conversion of an Internet resource. It is the competent web design of the site that determines whether Internet users will be able to achieve the specified goal: to buy a product or order a service. It is important to please the client, and this not least depends on whether the web design of the site meets modern trends. Therefore, web designers need to be aware of current trends and constantly monitor their development.

LIST OF SOURCES USED:

1. Цит. по: Синельщиков Г. С. Современные тенденции веб-дизайна // <https://elibrary.ru/item.asp?id=27228661>
2. Зубехин А. А., Абрамова О. Ф. Современный web-сайт: модные тенденции в компоновке и цвете // <https://www.scienceforum.ru/2015/857/10026>
3. Кирсанов Д. М. Про дизайн и шрифт. М.: Символ-Плюс, 2001. С. 65.



УДК 681.142.37:378.0

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Ли Екатерина Владимировна

кандидат философских наук, доцент ТГПУ им Низами
Ташкент, Узбекистан

Аннотация: в статье рассматривается проблема информационных технологий в системе образования в современных условиях глобализации. Информационные технологии стали важной и неотъемлемой частью нашей жизни, приобщение к которым сделает нашу деятельность более продуктивной и инновационной.

Ключевые слова: глобализация, информационные технологии, образование, технологии, инновации

Глобализация одна из актуальнейших проблем современной философской мысли, которой посвящено немало научных исследований. Как известно, глобализация весьма противоречивое явление, и отношение к ней отражается такое же: от полного неприятия до восхищения ею. Тем не менее, мы должны признать, данные процессы происходящими во всем мире как данность и постараться воспользоваться положительными сторонами и возможностями, дающим современным глобальным миром. И осознана необходимость преодоления трудностей и решения негативных последствий глобализации.

Мир достиг определенной степени глобализации, глобальности. Не обошел стороной этот процесс и систему образования, в особенности высшую школу. Большинство государств мира присоединились к Болонской декларации, или, по крайней мере, перестраивают свои национальные системы образования по образцу европейской школы. Возможно, это объясняется высоким уровнем подготовки выпускников вузов Европы и США, ведь многие из них имеют преемственность многовековых традиций, и в то же время им свойственно создавать инновации и осваивать прогрессивные достижения науки и техники. Высокий уровень информационных технологий как инфраструктурной основы сетевой организации социальных отношений вывел на новый качественный уровень развитие науки и образования. Глобализация в сфере образования имеет ряд положительных моментов: обмен студентами, обучение в зарубежных вузах, сотрудничество между научными центрами и мн. др.

Одной из особенностей передовых систем образования является активное создание и использование информационных ресурсов, технологий, более того, возникло международное сетевое информационное пространство. Оно полезно и даже необходимо для людей находящихся вдали от библиотек и университетов. Глобальное информационное пространство меняет характер взаимоотношений между обучаемым и обучающимся: «в сетевых учебных средах студенты работают в собственном темпе и без постоянного непосредственного контакта с преподавателем; преподаватель из основного носителя и транслятора знаний превращается в советника и консультанта».[2. С. 123] Основными элементами информационной сферы глобализации в данный момент являются телекоммуникационные сети, в частности Интернет, посредством которого и осуществляется дистанционное обучение. «Использование электронного обучения позволяет увеличить качество образования с помощью применения стремительно пополняющихся глобальных образовательных ресурсов и потому, собственно, при применении дистанционных образовательных технологий возрастает процент самостоятельной работы учащихся вузов при освоении материала».[1. С. 10] Дистанционное обучение дает возможность интегрироваться в современную мировую образовательную систему, получить профессиональное обучение.



Создание информационных компьютерных технологий, установление телекоммуникационных связей, информационный поиск – важнейшие функции творчества. В то же время информационные технологии и процессы пронизывают все сферы и слои общества. Процессы глобализации стимулируют создание инноваций, что влечет за собой стремительное распространение, освоение их и, в конечном итоге, новое (новшество, нововведение) также стремительно становится обыденным, рутинным. «С появлением информационных технологий, система научных коммуникаций качественно меняет свою структуру, происходит трансформация привычных форм коммуникаций. Происходит перенос деятельности ученых и научных организаций в онлайн-среду, появляются – электронные – формы и методы взаимодействия, формируется онлайн-пространство научных коммуникаций, которое становится все более важным механизмом развития науки».[4. С. 112] Интернет, являясь информационной моделью глобализации, дает новые возможности для научных исследований, сотрудничества ученых, обмена информацией.

Информационная сфера «является динамической детерминантой глобализации, во многом предполагая преобразовательные процессы современного мира».[3. С. 51] Для того, чтобы органично вписываться в глобальное социокультурное, информационное пространство, необходимо сфокусировать внимание на формировании личности, обладающей творческим мышлением. К сожалению, на наш взгляд, у студентов наших вузов слабо развиты навыки самостоятельной работы. Возможно, что внедрение в нашу образовательную систему дистанционного обучения, электронного обучения для студентов заочной формы обучения станет еще одним способом развития способностей и познавательных интересов учащихся, навыков самообразования личности.

Экономика современного государства, уровень благосостояния народа во многом зависит от развитости науки и образования, эта истина сегодня осознана многими людьми. Но наука и образование не могут успешно функционировать без информационных компьютерных технологий и других элементов информационной сферы. И поэтому большое значение со стороны правительства придается развитию этим сферам деятельности человека, чтобы наши выпускники были высококвалифицированными специалистами и могли успешно конкурировать с выпускниками вузов других стран.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Алиева З.К. Электронное обучение как инновационная деятельность в сфере образования//Человеческий капитал и профессиональное образование.№ 1(17),2016.- С. 10
2. Батракова Л.Г. Инновации в сфере образования: экономические аспекты.// Ярославский педагогический вестник. 2012, № 4. Том I (Гуманитарные науки).- С. 123
3. Збрицкая Л.Г. Глобализация и ее информационная сфера: сущностные черты и основные элементы.// Вестник СевДТУ. Вып. 94: Философия.- Симферополь, 2009.- С. 51.
4. Канатникова Е.А. Развитие научных коммуникаций в процессе глобализации.// Философия в эпоху глобализации.- Орел, 2013.- С. 112



ӘӨЖ 004.422.8:37

ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Боранкулова Г.С.

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,
Тараз, Қазақстан

Одним из эффективных способов решения педагогических задач является *обратная связь*, которая поможет педагогам в решении проблем и барьеров при реализации задач преподавания и обучения. По этой причине обратная связь становится инструментом профессиональной деятельности, которая обеспечивает ее успешность, так как любой учитель должен быть адаптирован к изменениям, происходящим в профессиональной деятельности, а значит и иметь навык самооценки, через понимание самого себя и окружающей среды, и вместе с тем, быть готовым к постоянному самосовершенствованию и саморазвитию.

Потребность в обратной связи естественна для любого человека, будь то руководитель образовательной организации, учитель, обучающийся или родитель. Отсутствие обратной связи, равно как и грубое нарушение правил её подачи, лишает человека мотивации и снижает его желание работать и учиться дальше.

«Учитель ведет наблюдение за прогрессом в обучении, обеспечивая обратной связью учащихся и родителей, выступая в роли помощника в изучении и понимании предмета, а также стимулирует учащихся, придерживаясь объективной точки зрения, согласно разработанным критериям оценивания» [1, с. 5].

Изменения в педагогической практике учителя находят отражение в целом в педагогическом процессе, которое рассматривается как составляющая успешности деятельности педагога. В связи с этим одним из важнейших факторов педагогической деятельности является формирования навыка предоставления конструктивной обратной связи, которая помогает учителю сформулировать ожидаемые результаты, осмыслить достижение целей работы, определить и внести коррективы в траекторию своего развития.

Как показывает практика, учителя не всегда могут предоставить эффективную обратную связь, что является сдерживающим фактором в обучении ученика. Это подтверждает и исследование, которое указывает, что «проблема с получением обратной связи действительно насущна при проведении тренинга, на котором участники высказывают свое мнение или суждение.» [3, с. 14] Часто они ограничиваются такими методами и приемами, как «хорошо», «молодец» и т.д. Сегодня такого вида обратной связи недостаточно. Одним из принципов критериального оценивания в рамках обновления содержания образования является направленность на развитие. Поэтому учителю необходимо работать над развитием навыка предоставления обратной связи, так как своевременная обратная связь поможет определить направление как собственного развития для совершенствования практики преподавания и учения, так и будет способствовать успешности ученика через определение траектории его развития.

Обучаясь на курсах по программам повышения квалификации учителя имеют возможность развивать этот навык на уровне своих коллег, работая в сотрудничестве и



взаимодействии. Как тренер, могу сказать, что во время занятий учителям удается найти положительные моменты при предоставлении обратной связи по итогам деятельности. Но, в то же время, они затрудняются в предоставлении конструктивной обратной связи. Это говорит о том, что нужно строить работу в данном направлении как во время курсовой подготовки, так и во время организации и проведения мероприятий в рамках посткурсовой поддержки. Эта мысль находит свое отражение в словах, что «действительно, обратная связь в процессе групповой (как, впрочем, и индивидуальной работы) является чрезвычайно важным элементом, значимым как для участников группового процесса, так и для ведущего. А неумение поддерживать двухсторонний контакт с группой часто является камнем преткновения для начинающих тренеров. Не придавая достаточного значения этой, казалось бы, очевидной вещи, они упускают ту невидимую нить, которая связывает их с членами группы. А это может коренным образом повлиять на эффективность взаимодействия. [3, с. 4].».

Умение общаться с коллегами и давать обратную связь уже традиционно относят к основным навыкам профессионального мастерства любого человека в своей сфере.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогических кадров «Разработка и экспертиза заданий для оценивания» по предмету «Русский язык и литература» в школах с казахским языком обучения. ©Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2018.
2. Ардабаева Б.К., Утегенова Б.М. Рефлексия как инструмент совершенствования практики преподавания и обучения учителя: методические рекомендации/ авторы-составители:— Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»Центр педагогического мастерства, 2017. – 25с.
3. Тим Рассел Навыки эффективной обратной связи, 2-е издание - Издательский дом «Питер» Санкт-Петербург 2002
4. <https://infourok.ru/obnovlenie-soderzhaniya-srednego-obrazovaniya-rk-1142334.html> (дата обращения: 19.01.2020).

ӘӨЖ 377.3

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ №51 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП БЕЙІНДІК РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ

Біләлова Жанар Серікқызы

ҚарМТУ Кәсіптік оқыту мамандығының магистранты

Нурмаганбетова Маншук Сейтовна

химия ғылымының кандидаты, «Кәсіптік білім және педагогика»

кафедрасының доценті

Дремов Алексей Александрович

№51 ЖББОМ Бейіндік оқыту ресурстық орталығының мұғалімі

Қарағанды, Қазақстан

Аннотация: Мақалада Қарағанды қаласының №51 жалпы білім беретін орта мектеп бейіндік оқыту ресурстық орталығы, оның бағыттары, желілік мектептері мен әлеуметтік серіктестерінің жұмысы қарастырылған.

Кілттік сөздер: оқу процесі, бейіндер, жоғары сынып оқушылары, ресурстық орталық, бейіндік оқыту, әлеуметтік серіктестік, желілік мектептер.



Еліміздегі бірқатар мектептер жүйесінде бейіндік оқытуды ұйымдастыру тұжырымдамасын іске асыру барысында бейіндік оқыту ресурстық орталықтары құрылған.

Ресурстық орталық – оқушыларды бейіндік оқыту мен бейіналды даярлықтарын ұйымдастырудың тиімді құралы. Білім беру кеңістігіндегі желілік модельдердің құндылығы: әрбір желілік мектеп оқушыларды біршама бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие, қоғамның қажеттілігіне жауап беруге дайындап шығарады. Жоғары сынып оқушыларына болашақ мамандығын өз еркімен таңдап қана қоймай, белгілі бір салаға өз бетінше бейімделуге мүмкіндік береді.

Бейіндік оқытудың ресурстық орталықтары мектептердің құрылымдық бөлімшесі бола отырып, өзіне жақын орналасқан шағын аймақтардағы бірнеше мектептерді біріктіреді. Осылайша ресурстық орталық толыққанды бейіндік оқытуды қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда білім беру өз алдына мақсат қояды, яғни әрбір білім алушы өзінің әлеуметтік маңыздылығын сезінетін және жеке білім беру бағытын таңдап, кәсібилікке дейінгі дайындық алатындай білім беру кеңістігін құру. Бейіндік оқыту ресурстық орталығында, жоғары сынып оқушылары өздерінің таңдаған бағыттары туралы мағлұматтар алады, әлеуметтік серіктестермен танысады және оларға саяхатқа барады, сонымен таңдаған мамандықтары жайлы толық ақпарат алады.

Осыған орай, Қарағанды қаласындағы №51 жалпы білім беретін орта мектеп бейіндік оқыту ресурстық орталығының жұмысы бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

№51 ЖББОМ ресурстық орталығы Қалалық білім бөлімінің 06.02.2010 жылғы №85 «№51 ЖББОМ базасында ресурстық орталық құру туралы» бұйрығына негізделіп құрылды. Ресурстық орталық 2010 жылы тәжірибе ретінде ашылған. Бұл тәжірибенің мақсаты – оқушыда таңдаған мамандығы мен профилінің талаптарына өзінің жеке-психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін сәйкестендіру қабілетін қалыптастыру.

Тәжірибе міндеттері:

- оқушылардың бейімділігіне, қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес дамуы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру және тәрбие процестерінің бірыңғай функционалдық кешенін құру;
- ауданның жалпы білім беретін мекемелерімен, жоғары және арнаулы орта оқу орындарымен мектептің желілік өзара іс-қимыл орталығын құру;
- санитарлық-гигиеналық нормалар мен балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу күні мен аптаның оңтайлы тәртібін ұйымдастыру;
- шығармашылық әлеуетті дамыту, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- әдістемелік қызметтің жұмысын жетілдіру, озық педагогикалық тәжірибені мектеп тәжірибесіне енгізу.

Тәжірибені жүзеге асыру кезеңдері:

- 2010-2011 – дайындық (эксперимент бағдарламасын әзірлеу);
- 2011-2012 – негізгі (құрылым құру, ресурстық орталық қызметінің мазмұнын қалыптастыру, жаңа педагогикалық технологияларды зерделеу және енгізу, білім беру үрдісінің мониторингі);
- 2012-2013 – қорытынды (қорытынды шығару, тәжірибе жинақтау эксперименттік жұмыс).

Ресурстық орталық құрылған жылы оның құрамында 7 желілік мектеп болған, олар: №11, 18, 25, 30, 32, 33, 50 жалпы білім беретін орта мектептері. Қазіргі таңда ресурстық орталыққа кіретін желілік мектептер: №18, 25, 30, 32, 33. Бүгінгі күні ресурстық орталықтағы оқушылардың жалпы саны: 402, 10 сыныпта – 247 оқушы, 11 сыныпта – 155 оқушы білім алуда.

Ресурстық орталықтың міндеттері:

- оқушы таңдаған бейін бойынша оқу процесін қамтамасыз ету;



- бейіналды және бейіндік оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру;
- балаларды әлеуметтік қорғау бойынша ата-аналармен жұмыс істеу механизмдерін әзірлеу және жүзеге асыру;
- оқушылардың кәсіби бағдар беру жұмысына деген қызығушылығын арттыру бойынша танымдық қызметтерін ұйымдастыру.

Ресурстық орталықтың жұмыс істеу мазмұны: әр жылдың басында желілік мектептер және әлеуметтік серіктестермен келісімшарт жүргізіледі; оқушылар бағыт таңдайды, әр оқушының бағытты өзі таңдауға мүмкіндігі бар; жазғы уақытта 10-сынып оқушылары кәсіпорындарда және мектептерде еңбек тәжірибесінен өтеді; 11-сыныпты аяқтаған соң оқушылар теория бойынша емтихан тапсырады және тәжірибелік жұмыстар орындайды. Содан соң біліктілікке сай бітіргені туралы төлқұжат алады.

Ресурстық орталықта оқыту 7 бағыт бойынша жүргізіледі:

- құрылыс технологияларын жаңғырту;
- «В» категориялы жеңіл автомобиль жүргізушісі;
- бухгалтерлік және қаржылық есеп негіздері;
- құжаттану;
- мейірбеке ісі;
- сәндік-қолданбалы өнер және дизайн;
- мектеп жасына дейінгі балалар шебері.

Бейіндік оқыту ресурстық орталығының әлеуметтік серіктестіктері:

- Қарағанды коммерциялық колледж;
- ҚарМТУ-дың инновациялық технологиялар колледжі;
- Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;
- Ж.Абишев атындағы химия-металлургия институты
- Қарағанды агротехникалық колледжі.

Қарағанды қаласының № 51 ЖББОМ базасында ресурстық орталықтың даму келешегі:

1. оқу үдерісін ұйымдастыруға және іске асыруға заманауи ақпараттық технологияларды енгізу;
2. білім беру ресурстарының озық әдістемелік, технологиялық және ұйымдастырушылық деңгейіне шығу;
3. жаңартылған білім беру ресурстары негізінде ғылымның, техниканың және жаңа технологиялардың заманауи жетістіктерін ескере отырып, кәсіптік білім беру сапасының жоғары деңгейіне шығу;
4. әр түрлі меншік нысанындағы жұмыс берушілерді білім беру ресурстарын тұрақты жаңартуға және жетілдіруге инвестициялық салымдарға тарту;
5. еңбек нарығына және білім беру қызметтеріне бейімделудің қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ресурстық орталықты тұрақты ұйымдық-экономикалық және технологиялық қайта құрылымдау және жетілдіру.

Зерттеу барысындағы №51 жалпы білім беретін орта мектеп бейіндік оқыту ресурстық орталығы толығымен оқу-материалдық базасымен қамтамасыз етілген.

Қорытындылай келе, Қарағанды №51 жалпы білім беретін орта мектеп бейіндік оқыту ресурстық орталығы қазіргі таңда өз жұмысын толығымен жүзеге асырып жатыр. Ресурстық орталықта оқитын 10-11 сынып оқушыларының өздері таңдаған бағыт бойынша білім алып, жоғары оқу орындарына түсу мүмкіншіліктері жоғары.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нұрмағанбетова М.С., Байжұманова Н.С., Готтинг В.В., Бакина Ю.А., Өмірбекова М.А. Қарағанды қаласының жалпы білім беретін №5 бейіндік оқыту ресурстық орталығында оқушылардың бейіндік оқытудың дамуы – жур. Университет еңбектері №1 (74), Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2019, 5-10 б.



2. Нұрмағанбетова М.С. Оқушылардың бейіндік оқуын ұйымдастыру. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2018, 86 б.

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абилгазиева Айгуль Курманалиевна

Алматы қаласы №184 жалпы білім беретін мектептің құқық негіздері
пәнінің бірінші санатты мұғалімі,
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Адамзат қоғамының әр кезеңінде отбасы мәселелері әрдайым маңызды орынға ие. Мақалада осы тақырыпқа байланысты статистикалық мәліметтерге, әдебиеттерге мақсатты мемлекеттік бағдарламаларға шолу жасалынып, бүгінгі күннің көрінісі сипатталған. Ал бүгінгі күннің көрінісі осы бағытта жасалынып жатқан іс-шаралардың жеткіліксіз мөлшерде екені анықталып, әлі де бағдарламалар әзірленіп, тәжірибеде қолдану керектігін көрсетеді.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, адамгершілік, құндылықтар, отбасы педагогикасы.

Ел дамуының ұзақ мерзімге белгіленген бағдарламасы – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түпкі мақсаттарының бірі дені сау, бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ өсіруге, аға буынның қамсыз қарттығына қолдау көрсетуге, ана мен баланың құқығын қорғауға, әр отбасының берекелі өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Қоғамда осындай рухани-әлеуметтік дінгегі берік отбасылық құндылықтарды тереңдету мақсатында Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылы Жарлығымен қыр-күйек айының екінші жексенбісін «Отбасы күні» мерекесі ретінде бекітті. Елбасының отбасыға жағдай жасап, оның беделін арттыру мақсатында берген тапсырмаларының аясында «Отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани адамгершілік құндылықтарды нығайтудың 2015-2020 жылдарға арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары» бекітілгенін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гулшара Абдіқалықова «Егемен Қазақстан» Жалпы Ұлттық Республикалық газетте баяндады [1, 9-б].

Жоғарыда айтылған іс-шаралар қоғамның, әсіресе жас буынының отбасы рухани-адамгершілік құндылықтарының дұрыс қалыптасуына өз септігін тигізері анық. Бірақ, соңғы жылдары БАҚ-ының хабарлауымен қоғамымызға жат жайттардың орын алуының себебін, оның түп-тамырын анықтамайынша оң нәтижеге жетуіміз екі талай.

2017 жылдың бірінші жартысында Қазақстанда 59 007 жұп неке құрды, оның ішінде тіпті алты ай некеге тұрмай 729 жұп ажырасқанның статистика комитеті хабарлады. Мәселен, 2017 жылғы қаңтардан маусымға дейін тіркелген ажырасулар саны 26785 болса, оның ішінде сот шешімі бойынша 21543 ерлі-зайыптылардың өзара келісулер 5242 жұпты құрады. Ажырасуға және отбасыларға көмек көрсету туралы статистиканы зерттеуге мамандандырылған Divorcescience порталында жарияланған басқа мәліметтерге сәйкес, Қазақстан ажырасу деңгейі жоғары елдер арасында (71 елдің ішінде) алғашқы ондыққа кіреді [2]. Ажырасу тақырыбын қолға алып, онымен күресу жолдарын атап көрсеткен К.Ж. Жолтаева, А.С.Бейсенованың мақалалары бар [3, 99б].

Егер медициналық статистикаға жүгінсек, түсік саны өсуде (әр 100 туылғанның 43-і жасанды түсік), жас аналардың балаларынан бас тартып, тастанды балалар санының өсуі т.б. Бұл жайттардың біздің қоғамда орын алу себептері жан-жақты. Олар: экономикалық, тарихи-саяси жағдайлар, адамдардың рухани құлдырауы, ұлттық тәрбиенің жеткілікті болмауы, рухани сауатсыздық т.б. факторлары айқындалып отыр.



Нәтижесінде адам бойындағы отбасы рухани адамгершілік құндылықтарының құлдырауы оның жеткілікті мөлшерде дамып, жетілмеуіне соқтырды. Бұл бүгінгі күннің көрінісі. Сондықтан, осындай кеселді құбылыстардың түп тамырын анықтап, онымен күресіп, оның алдын алу жолдарын іздеу баршамыздың ортақ парызымыз. Әрине, біз әрбір ерлі зайыптылар, жас ата-аналар есігін қағып, олармен өзіміздің ойымызбен бөлісіп, оларға тәрбие бере алмаймыз. Сонда біз кімді және қалай тәрбиелемекпіз? Ата-аналарды ма? Олардың балаларын ба? Біз, педагогтар балаларға білім беріп, оларды өз елінің патриоты болуға тәрбиелегенде, бір жайтты ұмытып қалғандаймыз. Бүгінгі жас буын ертеңгі белгілі бір саланың нағыз маманы ғана емес, ол, қоғамның басты бөлігі – болашақ ата-ана, яғни бір отбасы отағасы, асыл анасы, бір-бірінің жары.

Хадисте: «Әрбір ата өз баласына жақсы мінез-құлқынан басқа артық мұра қалдыра алмайды»-деген сөз бала бойындағы асыл қасиет құндылықтар бәрінен де жоғары екенін түсінуге болады.

Осы жөнінде 110 жасқа дейін бала дәрігері болып жұмыс атқарған Лейла Денмарк: «Быть хорошими родителями – единственная стоящая работа на Земле. Самое дорогое, что могут иметь дети в своей жизни - родители», - деп ата-ананың маңызын және бала үшін ата-ана өмір құндылығы екенін айтпаса да түсінікті.

Елімізде жетімдер санын азайту мақсатында 2013 жылы «Ана үйі» қоғамдық қоры ашылып, осы күнге дейін қиындыққа тап болған жас қыз-келіншектерге өз балаларынан бас тартпау үшін материалдық, моральдық көмек көрсетуде. Бұл қорды жастарға жарнамалағанымыз емес, дегенмен қоғамда болып жатқан келеңсіз мәселелерді азайтуда, алдын алуда өз септігін тигізуде. Қор координаторы Жазира Сартаева ханымның айтуынша, қордың қамқорлығында жүрген кейбір қыздардың ата-аналары олардан теріс айнылып, ал кейбірі қызының жүкті болып қалғанынан мүлдем хабарсыз. Мәселе тағы да ата-аналар тәрбиесіне тіреліп тұр. Балаларына жеткілікті мөлшерде дұрыс тәрбие бермеуі, қиын жағдайда қыздарынан теріс айналуы, және жеткілікті мөлшерде көңіл бөлмеуі – баланың тәрбиесін теледидар, интернет желісі және көше өз жетегіне алуына себеп болды. Сондықтан, тәрбие жұмыстарын қалыптасып қойған ата-аналармен емес, өз ісіне жауап бере алатын, құндылықтарды ажырата білетін, алдағы өмірлерін жоспарлай білетін жас тобы – бозбалалар мен қыздарға жүргізуді көздеп отырмыз.

Соңғы жылдары білім беру саласында отбасы мәселеріне қатысты зерттеулер мен әдебиттер аз емес. Соның бірі 2014 жылы жарық көрген Т.Н.Жүндібаева еңбегі «Отбасы педагогикасы». «Бұл оқулық отбасы педагогикасының өзекті мәселелерін көтере отырып, болашақ мамандарға, отбасы тәрбиесі, оның қалыптасу тарихы мен отбасында бала тәрбиелеу дәстүрлері, отбасы тәрбиесінің негізгі ұстанымдары мен қызметтері және т.б. түсінік бере отырып, алған білімдерін ата-аналармен жұмыс барысында пайдалануға ықпалын тигізеді»-деген кітапқа берілген қысқаша анықтама біздің жоғарыда айтылған сөздің дәлелі болып тұр [4]. Тағы да қайталасак, біз педагогтар тек болашақ маман ғана емес, болашақ ата-ана тәрбиелейміз. Болашақ ата-ана кез-келген саланың маманы болуы мүмкін. Сондықтан, отбасы мәселесін тек болашақ педагог, психолог, әлеуметтанушылармен шектелмей, барлық гуманитарлық мамандықтармен қоса техникалық мамандықтарда білім алып жүрген жастарға да таныстыру қажет.

Адамзат қоғамының қай кезі болмасын, отбасы тәрбиесі мәселелері күн тәртібінен түскен емес. Отбасы тәрбиесі мәселелері Шығыстың ұлы ойшылдары Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ.Яссауи, М.Қашқари, классик педагогтар Я. А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталотии, К.Д.Ушинский, кеңес педагогтері В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, қазақ ағартушы, педагогтері А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезовтың т.б, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов еңбектерінде кеңінен орын алды. Бүгінде отбасы тәрбиесі мәселелері қазақстандық ғалымдар М.Ғабдуллин, Х.Арғынбаев, С.Ғаббасов, Қ.Жақыпов, Қ.Р.Қоянбаев, Г.Байдильдинова, В.Лысенко,



Р.К.Төлеубекова, Е.Сағындықұлы, С.Кенжеахметұлы, Қ.Т.Атемова және т.б. тарапынан зерттеліп келеді.

Отбасы тәрбиесі туралы орыстың ғалымы Н.К.Крупская: «Балаға деген сүйіспеншілікті россиялылықтар шығыс халықтарынан үйренсін»-деп, орынды айтқан. Яғни, жоғарыда айтылған әдебиеттерді саралап, білім беру мекемелерінде заманауи психологиялық тренинг, семинар немесе отбасылық өмірге дайындық клуб ұйымдастырып, отбасы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда жастармен өзін-өзі, өз іс-әрекетін танып білуге, өзгеруге жұмыстар жүргізу – біздің мақсатымыз [7].

Қазақ халқының отбасылық тәрбиесін зертеу қажеттігін ең алғаш көтерген академик М.Ғабдуллин. Ол өзінің 1966 жылы жарыққа шыққан «ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» атты еңбегінде «...қазақ халқының өмірінен орын алған тәрбиенің тарихын жан-жақты түрде қарастыру – өз алдына зерттелетін мәселе»-деп атап кеткен.

Қазақ отбасының тарихы туралы жанжақты зерттеген тұңғыш еңбек – тарихшы этнограф Х.Арғынбековтың 1973 жылы шығарған «Қазақ халқындағы семья және неке» атты кітабы. Ол 1966 жылы толықтырылып, өңделіп «Қазақ отбасы» деген атпен қайта жарық көрді.

Адамзат қауымының отбасын құру шежіресі мәселесін қарастырған ғалымдардың бірі С.Ғабасов. Ол өзінің «Педагогика мен психология» «Халық педагогикасының негіздері» деген монография, еңбектерінде: «Семья тарихының адамзаттық сипаты, ұрпақ тазалығының мәнін түсіну, ата-ана мен бала арасындағы сыйластық, ана құрсағындағы тәрбиенің түрлері, ерлі зайыптылардың арасындағы қатынас мәселелеріне терең талдау жасайды [5].

К.Оразбекованың «Иман және инабат» атты оқу құралында әдеп және тұрмыс-салт психологиясы ұлттық мазмұнда жазылған. Оқу құралында отбасы – адамзат өмірі өз жалғасын табатын, болашақ ұрпақ өсіп-өрбіпұшатын ұя, әдептілік, сыпайылық, ізеттілік, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерге баулу отбасынан бастау алатыны, сондықтан отбасының міндеті – жас ұрпақты инабаттылық пен имандылыққа тәрбиелеу деп көрсеткен.

Автордың еңбегінде «Махаббатсыз өмір бос» атты тарауында бозбалалар мен бойжеткендердің қарым-қатынасы, ондағы қыз бен жігіттің достығы, ал достық-махаббат бастамасы, жасөспірім шақтағы махаббат сезімдерінің, тұрмыс құру, некенің пәктігі, үйлену, отбасының өрбуі, үй болудың ошақ басынан басталатыны, ерлі зайыптылардың бейбіт және бақытты өмір сүруі, ол үшін олардың өзін-өзі тәрбиелеу қажеттігі туралы ақыл-кеңестер беріледі [6].

Отбасы мәселесін тарихи тұрғыда зерттеп жүрген ғалымдардың бірі – Қ.Т.Атемова. Оның 2009 жылы жарыққа шыққан «Түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесі дәстүрлерінің қалыптасуы» атты монографиясында түркі ғұламаларының мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының қазақтың халық педагогикасындағы көрінісін, қазақ халқының ақындары мен жырлауларының мұраларындағы тәлім-тәрбиелік көзқарастарына педагогикалық тұрғыдан талдау жасап, жүйеленген. Қазақ ағартушылары мен зиялыларының еңбектерін зерделеп, оның түркі ғұламалары мұраларындағы сабақтастығын дәлелдеген. Сонымен қатар, түркі ғұламаларының мұрадарындағы отбасы тәрбиесі туралы идеяларын бүгінгі күн тәжірбиесінде пайдаланудың жолдарын қарастырылған.

Қорытындылай келе, жоғарыда көрсетілген еңбектер кең ауқымды және маңызы өте зор екенін ескеріп, осы еңбектерді бір жүйеге жүйелеп, заманауи инновациялық технологиялармен көпшілікке, яғни көзделген аудиторияға ұсыну. Осы мақсатта арнайы жүйеленген бағдарлама әзірлеп, аудиториямен тәжірбие жүзінде жұмыс жасау, гипотизаны дәлелдеу – алдағы біздің жоспарымыз.



ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Егемен Қазақстан» газеті, №174 (28652) 12 қыркүйек, 2015. 256.
2. <https://www.kursiv.kz/news/tendencii-weekly/tendencii-lubvi/>
3. ҚҰУ хабаршысы, педагогикалық ғылымдар сериясы, Алматы №1(29) 2010, -
4. Жүндібаева, Т. Н. Отбасы педагогикасы : оқулық / Т. Н. Жүндібаева. - Алматы: «Экономика»ЖШС, 2014. - 311б.
5. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы. «Әл Фараби», 1995. – 459б.
6. Оразбекова К. Иман және инабат: педагогикалық училищелерге арналған оқу құралы. – Алматы. «Ана тілі», 1993. – 152б.
7. Ковальев С.В. Подготовка старшеклассников к семейной жизни: тесты, опросники, ролевые игры: Кн. для учителя – М.: Просвещение, 1991. – 143с.

ПЕДАГОГИК ТЕХНОЛОГИЯЛАРНИ ЖОРИЙ ҚИЛИБ ФИЗИКА ФАНИНИ ЎҚИТИШНИНГ АМАЛИЙ АСОСЛАРИ

Ф.Т. Боймуротов., М.А.Фаттахов., И.И.Бозорбаев., Р.Т.Ўразалиев.

Тошкент тўқимачилик ва енгил саноати институти. Тошкент.

Республикамызда ривожланиб бораётган фан-техника босқичида ахборотларнинг кескин қўпайиб бораётганлиги ва улардан ўқитиш жараёнида етарлича фойдаланиш учун вақтнинг чегараланганлиги ҳамда ўқувчи ёшларни етук баркамол шахс сифатида тайёрлашдек вазифасини ўз олдига мақсад қилган таълим тизимига илғор педагогик технологияларни жорий қилишнинг вақти келди. Ҳозирги кунга қадар таълим муассаларида анъанавий тарзда таълим беришнинг давом этиши ва таълим беришда педагогик технология элементларидан фойдаланмаслик оқибатида талабалар маърузанинг пассив эшитувчисига айланиб қолаётганлиги ачинарли ҳолдир. Ўқитувчи дарсларни тўғри ташкил эта олмаслиги, дарс жараёнида талаба ва ўқитувчи ҳамкорлигининг таъминланмаётганлиги, илғор педагогик технология элементларидан иборат турли метод ва усулларни тўлиқ ва ўз ўрнида қўллай олмаслиги, ўрганиладиган янги мавзунини дарсликдаги маълумотлар билан чекланиб қолишлик оқибатида таълим тизими олдидagi мақсад ва вазифалар етарлича амалга оширилмаяпти, деган фикрга келинди.

Демак, дарс анъанавий тарзда олиб борилганда талабаларнинг мустақил фикрлаши учун имконият етарли эмаслиги ўқитувчи дарсликда берилган материални маъруза тарзида талабага етказиши ва табалалардан дарс давомида олган янги билимларни қанчалик даражада ўзлаштирганини аниқлашнинг қийин кечиши натижада дарс самарали ёки самарасиз ўтказилганлигини билиш имконияти бўлмай қоляпти. Яъни, талаба ўқитувчининг маърузасини зерикарли тарзда эшитади ёки эшитмай бошқа ҳаёллар оғушида бўлади. Бунинг оқибатида дарснинг мақсади амалга ошмай, вақт бекорга сарфланади.

Физика фанини ўқитишда ноанъанавий таълим шакл ва усулларида фойдаланиш ижобий натижа беради. У ёки бу усулни танлашда талабаларни ҳар томонлама эркин фикрлашга, ижодий фаол иштирокчига айланишига ҳамда хилма-хил методларни қўллаган ҳолда масалан, баҳс-мунозара дарслар, ижодий изланишга, мустақил ишлашга йўналтирилиши керак. Талабалар қўйилган масалага бир томонлама ёндошмасдан ўз қарашларини, фикрларини эркин баён этиш имкониятига эга бўладилар. Бир хил шаклда ташкил этилган дарслар, бир хил усулда муаммоларни ҳал этиш талабани зериктиради, натижада талаба пассив эшитувчига айланади ҳамда дарснинг мақсади амалга ошмаслигига олиб келади. Шунинг учун дарсда илғор педагогик ва ахборот технологиялардан уйғунлашган ҳолда фойдаланиб билим бериш муҳим аҳамият касб



этади. Мисол тариқасида мавзуларнинг мураккаблик даражасига қараб уларни ўқитиш методикаси қуйидагича берилади: 1. Мазмунига кўра мураккаб мавзу: Қаттиқ жисмларнинг айланма ҳаракат кинетик энергияси. 2. Мазмунига кўра ўртача мураккабликдаги мавзу: Илгариланма ҳаракатнинг кинетик энергияси. 3. Мазмуни мураккаб бўлмаган мавзу: Жисмларнинг ўзаро таъсир энергияси. Ушбу мавзуларни дарс жараёнида намоён бўлувчи ҳолатлари ҳамда шакл, метод ва воситалар аниқланади.

Демак, таълим жараёни олдиндан лойиҳаланса, таълим мақсади аниқ қўйилса, талабаларни ҳамжиҳатлик билан қарор қабул қилиши, вазифаларни тўғри бўлиб бериш, кўргазмали қуроллардан фойдаланиш, ўқув материалини аниқ, ишонарли ва илмий тарзда етказиш, талабанинг билимини ҳаққоний баҳолаш педагогик технология элементларидан унумли ва ўз ўрнида фойдалана олиш самарали натижаларни беради.

Илғор педагогик технологияларни физика таълими жараёнида қўллаш мазкур жараён субъектлари-ўқитувчи ва талабаларнинг роли алмашинуви таъминлашдек хусусиятига кўра ҳам муҳим аҳамият касб этмоқда. Анъанавий таълимнинг етакчи ғоявий йўналишига мувофиқ ўқитувчи дарс давомида етакчилик ролини бажариб келган ҳамда ўзининг буйруқлари асосида талаба фаолиятини назорат қилиб ва баҳолаб келган бўлса, педагогик технология назарияси ғоявий йўналишига кўра унинг таълим жараёнидаги роли талабаларга йўл-йўриқ кўрсатиш, зарур ўринларда маслаҳатлар бериш, ўқув топшириқларини таклиф этиш ва умумий жараёнга билвосита раҳбарлик қилишдан иборатдир. Таълим жараёнини ташкил этишга янгича ёндашув талабанинг мутлоқ устунлиқдаги фаоллигини юзага келишига хизмат қилади. Эндиликда у асосан мустақил таълим олиш, у томонидан ўрганилиши тавсия этилаётган мавзу ва унда илгари сурилган ғоя хусусида мустақил фикр юритиш, мавзу ечими негизида ифода этилган масаланинг қўйилиши борасидаги мулоҳазаларини тенгдошлари билан ўртоқлашиш имкониятига эга бўлмоқда.

АДАБИЁТ:

1. Назиров Э. Н. Қурбонов М. Турли муҳитларда электр токига оид намоёиш тажрибаларини муаммоли кўрсатиш. – Т.: Университет, 1999. – 27 б.
2. Толипов Ў.Қ., Усмонбоева М. Педагогик технологияларнинг тадбиқий асослари. Т., Фан. 2006. 261б.
3. Қурбонов М., Бегматова Д. Физика практикум ишларини миқдорий баҳолашнинг дидактик асослари. Т., Университет. 2008 .

372.862

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ЗНАНИЙ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ И ТЕХНИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН КАК ДИДАКТИЧЕСКОЕ УСЛОВИЕ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ

Гуринович Т.Н., Маевская И.А.

Преподаватели КГКП «Шахтинский технологический колледж»

Аннотация: В данной статье обосновывается методика обучения электротехнике при использовании преемственности знаний по физике. Приведен ход педагогического исследования по данной теме, представлена модель предмета исследования.

Ключевые слова: преемственность знаний, интеграция дисциплин, модель предмета исследования



Основной задачей учебного процесса в современном развивающемся обществе является: формирование креативности, умения работать в команде, проектного мышления, аналитических способностей, коммуникативных компетенций, способности к самообучению, что обеспечивает успешность личностного, профессионального и карьерного роста молодежи. Именно эта главная задача должна решаться в учреждениях технического и профессионального образования.

Особенностью работы в колледже преподавателя общеобразовательной дисциплины является не просто обучение, а обучение предмету через развитие профессиональных знаний и навыков обучаемых различных профессий. Это является обязательным условием работы педагога-предметника в сфере технического и профессионального образования. Если деятельность педагогов будет разрозненна, и каждый будет решать только конкретные задачи, связанные с преподаванием своего предмета, преследовать свои цели обучения, в результате не будет слаженной, единой системы работы над конкретной целью, к которой стремится все учебное заведение. Поэтому необходимым является, чтобы учитель работал в команде единомышленников своего педагогического коллектива, реализовывал задачи, поставленные правительством перед педагогами всей страны, и тогда успех обеспечен. Ярким примером тому является преемственность знаний при изучении физики и электротехники.

Курс электротехники рассматривает следующие обязательные вопросы: основные сведения об электрических и магнитных цепях; назначение, устройство и принцип работы электротехнических устройств; вопросы производства, распределения и потребления электроэнергии. В основе всех этих понятий лежат физические законы и явления. В историческом плане формирование электротехники как науки и учебной дисциплины рассматривается как результат развития физических знаний в области практического применения электрических и магнитных явлений. Физика является научной основой всех технических дисциплин. Структурные и содержательные связи физики и технических дисциплин способствуют повышению уровня целостности, упорядоченности и взаимообусловленности физико-технических знаний [1].

Электротехника как техническая дисциплина по структуре и содержанию имеет интегративную основу. Изучение ее будет более эффективным, если будут использованы дидактические условия преемственности знаний и, прежде всего, с физикой, являющейся научным фундаментом электротехники. Знание физических законов и явлений относится к базовым компетенциям, которыми должен обладать квалифицированный рабочий всех профессий технического профиля.

В теории осуществления преемственности знаний в учебном процессе выделены следующие направления:

- преемственность в формировании понятий, познавательных умений и навыков;
- единство в интерпретации общих понятий законов и теорий;
- единый подход к формированию общих понятий и умений;
- единая терминология и единое обозначение физических величин.

Это обусловило выбор *темы исследования* «Преемственность знаний общеобразовательных и технических дисциплин как дидактическое условие повышения качества знаний будущих специалистов рабочих профессий» [2].

Объектом исследования является процесс обучения электротехнике будущих специалистов рабочих профессий.

Предмет исследования: методика обучения электротехнике будущих специалистов рабочих профессий при осуществлении связи с физикой.

Основные идеи проводимого нами исследования можно представить в следующих тезисах.



1. Обучение курсу электротехники, осуществляемое в условиях связи с физикой, являющейся ее научной основой, способствует формированию более качественных знаний и создает условия для успешной их реализации.

2. Осуществление связи физики и электротехники обеспечивает формирование обобщенных познавательных умений, навыков и создает условия успешной самостоятельной учебной деятельности обучаемых и развития их профессиональных творческих способностей.

3. Качество профессиональных знаний у будущих специалистов рабочих профессий повысится, если обеспечить связь с производственным обучением, теоретическую основу которой представляет комплексное использование знаний из различных областей наук.

Цель исследования состоит в том, чтобы обосновать и разработать методику обучения электротехнике при использовании преемственности знаний по физике.

На основе анализа состояния объекта исследования была выдвинута *гипотеза* исследования в следующей формулировке: качество освоения содержания образования по электротехнике будущими специалистами рабочих профессий повысится, если их познавательная деятельность будет осуществляться в условиях связи с курсом с физики, формирующей фундаментальные научные теории и понятия для изучения курса электротехники.

Перед исследованием ставятся следующие задачи:

1. Рассмотреть методику обучения электротехнике, осуществляемую в условиях связи с физикой; определить её сущность и применимость в колледже.
2. Проанализировать и систематизировать учебный материал изучаемых дисциплин с целью их дальнейшего использования при обучении.
3. Преобразовать процесс подачи учебного материала на уроках на основе преемственности знаний электротехники и физики.
4. Провести диагностику результатов исследования по итогам обучения за контрольный период, семестр, год и т.д. и сравнить экспериментально установленные результаты с данными, имеющимися до проведения исследования.
5. Сделать выводы по результатам исследования в соответствии с анализом и программой исследования.
6. Разработать практические рекомендации и методические пособия.

Методами исследования являются изучение и анализ научной и учебно-методической литературы, наблюдение, самостоятельная работа обучающихся, тестирование, теоретический анализ.

Теоретическая значимость исследования заключается в том, что учебное содержание и технология овладения им объединены в систему высокого уровня целостности; программа обучения индивидуализирована по содержанию, методам обучения, уровню самостоятельности, темпу учебно-познавательной деятельности учащихся профессионального лица.

Практическая значимость исследования заключается в том, что:

- разработанные в результате исследования учебно-методические пособия, могут быть использованы преподавателями как электротехники, так и физики;
- разработанные авторами выводы и рекомендации, полученные в результате исследования, могут быть использованы преподавателями других общеобразовательных и технических дисциплин;
- созданная и апробированная система учебно-методического обеспечения процесса обучения электротехнике в условиях межпредметных связей обеспечивает мотивацию студентов к самообразованию и создает условия повышения качества их знаний при изучении специальных дисциплин;
- знания основ электротехники, базируемых на физических законах и явлениях, должны обеспечить общетехническую подготовку учащихся, необходимую для сознательного



усвоения соответствующих разделов специальных дисциплин и тем самым обеспечить обучаемым получение профессиональных компетенций, которые лежат в основе приобретения специальных.

Модель предмета исследования

Таблица 1

Название раздела	Вопросы курса физики	Вопросы курса электротехники	
		Общая электротехника	Горная электротехника
1.Посто-янный ток	- основные понятия и определения - закон Ома - виды соединений потребителей - тепловое действие тока	- основные электрические величины - законы цепей постоянного тока - практическое значение соединений потребителей - понятие о коротком замыкании, перегрузках и защиты от них - понятие о проводниках и диэлектриках	- номинальные напряжение, ток - мощность шахтных электроприводов - виды защит - эксплуатация кабельных линий - меры защиты от поражения электрическим током - защитное заземление
2.Электро-магнетизм	электрические и магнитные явления - основные понятия, определения и законы электромагнетизма мнемонические приёмы (правила электромагнетизма)	принцип работы электромагнитных аппаратов (реле, контакторов, электроизмерительных приборов, трансформаторов, электродвигателей и генераторов) - использование явления электромагнитной индукции	принцип работы рудничных асинхронных двигателей принцип работы коммутационных аппаратов
3.Переменный ток. Трёхфазный ток	- основные понятия и определения - сопротивления в цепях переменного тока	- получение и основные характеристики переменного тока - получение трёхфазного тока - соединение в звезду и треугольник	- использование переменного тока на производстве - соединения в трёхфазных цепях
4.Электронные приборы	- электрический ток в полупроводниках - виды электронных приборов	- принцип работы и классификация электронных приборов - устройство, принцип работы и назначение полупроводниковых приборов (диодов, транзисторов, тиристоров, стабилитронов) - схемы выпрямления	- использование диодов, транзисторов и тиристоров в рудничной аппаратуре - схемы рудничного электрооборудования и автоматики
5. Измерение электрическ	- измерение силы тока и напряжения	- общие сведения об электроизмерительных приборах (определение,	- контроль режимов работы рудничного электрооборудования



их величин		классификация, принцип работы) - схемы включения при измерениях	- применение приборов для измерения сопротивления изоляции
6. Трансформаторы. Электрические машины	- принцип действия и устройство трансформатора - физические основы принципа действия электрических машин	- классификация трансформаторов, режимы работы трансформаторов - устройство и принцип работы электрических машин	- применение и устройство рудничных трансформаторов и подстанций - применение и устройство рудничных асинхронных электродвигателей
7. Электрические аппараты	- электромагнитные явления - тепловое действие тока	- понятие об аппаратах ручного и автоматического управления - устройство и принцип действия электрических аппаратов (реле, рубильников, кнопки управления, автоматических предохранителей и др.)	- использование низковольтных и высоковольтных коммутационных аппаратов - использование аппаратов управления и защиты - дугогашение - принцип работы рудничных пускателей
8. Производство, распределение и потребление электроэнергии	- получение и передача электрической энергии - виды электростанций	- принцип получения электроэнергии на электростанциях понятие об электроприводе и его составе - управление электроприводом	- стационарные и передвижные шахтные подстанции - схема электроснабжения в подземных выработках

Несомненно, что преемственность знаний в учебном процессе является важным условием повышения качества обучения специалистов рабочих профессий и может быть важным аспектом обновления содержания технического и профессионального образования, являющимся условием обеспечения национальными квалифицированными кадрами.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Усова А.В., Янцен В.Н., Тулькибаева Н.Н. Методические рекомендации о реализации межпредметных связей в профессионально-методической подготовке учителя физики в педвузе. Челябинск: Изд-во ЧГПИ, 1996.
2. Методическое пособие «Организация научно-исследовательской деятельности в школе». – Караганда, 2002.



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Темірханова Сымбат Сабырханқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Ғылыми жетекші - Машан Тогжан Турғалиевна

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі таңда кез-келген сатыдағы білім алушыға жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір оқытушының басты міндеті болып табылады. Білімалушыны оқытып - тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті, ізденіс пен шыдамдылықты, оқытушының заман көшіне сай білімнің қыр-сырын терең меңгеріп, жаңа ақпараттық технологиялармен қаруланғанын, жан-жақтылығын талап етеді. Себебі оқытушы алдында заман талабына сай - жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр, ол жолда жан-жақты қалыптасқан, білім мен тәрбиені қатар тізгіндеген, өмір көшінен өзіндік орын алар тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру оңай шаруа емес екенін оның өзі де түсінетіні белгілі.

Білімалушының жеке тұлғалық күшін дамыту үшін, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарады, олай болса, қазіргі оқытушылар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

Оқытушы алғашқы сабақтан бастап әрбір баланың жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізуі керек. Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. «Ұстазын сыйламаған елдің ұрпағы азады», - дейді халық даналығы. Осыған байланысты шығармашылық, ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы білімалушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, оқытушы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, студент барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Студенттерді шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп, атап айтсақ: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, халықаралық ғылыми коммуникациялық байланысқа шығу, білім беруді ақпараттандыру.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында ЖОО-ның білім алушыларында болуы керек сапалар:

1. Қажетті білімді өз бетінше ала отырып, пайда болған алуан түрлі мәселелерді шешу үшін оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалану, жылдам өзгеріп отырған өмір жағдайларына оңай бейімделу.

2. Өздеріне өздері сын көзбен қарай алу, кездесетін қиындықтарды көріп, оларды шеше білу, дұрыс әрі уақытылы шешім қабылдай алу.

3. Ақпарат ағынымен дұрыс жұмыс істей алу, мақсат-міндеттерді дұрыс анықтап, болжам жасап, тиісті қорытынды шығарып, мәселелерді шеше білу.

Мұның өзі еліміздегі білім беру жүйесінің бұрынғы қалпында болмайтынын көрсетеді. Сондықтан оқу ағарту саласының оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды кең көлемде енгізуді талап етеді. Инновациялық білім беру деп - тұлғаның бағдарлы көзқарасты, білімдегі дәлдікті, шығармашылық бастауды, сонымен бірге жаңа технологиялық мағлұматтарды игеруін айтады.



Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларының мақсаттары мен міндеттері:

1. Сабақтарды жаңаша ұйымдастыру.
2. Оқытушының рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау.
3. Білімалушының құзыреттілігін қалыптастыру.
4. Студенттің ойлау қабілеттерін арттырып, ақпараттық технологиялар негізінде ізденушілігін дамыту.

5. Шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау арқылы ізгілікке, елжандылыққа, саналылыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Студентпен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал бұл мақсатқа жету студенттің танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, студент шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен роль атқарады. «Шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі, екі құрамдас бөліктен тұрады:

- біріншіден, студенттер дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады;
- екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы қарастырылады.

Оқытушыға жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның іскерлігіне байланысты. Шығармашылық қабілет әр студенттің табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – студентке оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Шығармашылық процесс негізінен үш сатыдан тұрады:

- бірінші саты жаңаны, өзгеше тың дүниені сезе білу, карама – қайшылықтарды түсіне білуде сезімталдық, сындарлылық, шығармашылық ой талдауға бейімділілік, жан дүниесіндегі ішкі тартысты оята білу қабілеті, танымдылық, қызығушылық;
- екінші саты (оқиға, образ жасаудың бағыт – бағдар ұстанар кезеңі – эвристикалық саты) – интуиция, шығармашылық қиял, әдемілікті сезіне білу, сөз ұшқырлығы, шығармашылыққа деген ішкі құштарлық;
- үшінші саты (сын, дәлелдеме сатысы) – өзіндік сын, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу, дәлелдеме, дәйектемелер ұсына білу, оның формаларын табу.

Осы орайда студенттің бойынан төмендегі қасиеттерді оята білу қажеттілігі туындайды. Олар:

- қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін іздене білу;
- ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру;
- алдына мақсат қоя білу және жетуге ұмтылу;
- өзін – өзі талдауды, өзін – өзі бағалай білуді меңгеру;
- басқа адамдармен қарым – қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білу (интернет, электронды пошта);
- қоршаған ортада өз орныңды, жеке рөліңді анықтай білу.

Студенттердің шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта студенттер өздері жасаған суреттер, сызбаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Қорыта келгенде, студенттердің шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудағы басты мақсат – қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы студенттердің жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлылығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің дамуына жағдай жасау. Демек, егемен еліміздің келешегі жас ұрпақты



тәрбиелейтін ЖОО өзіне жүктелген әлеуметтік міндетті атқару үшін ондағы игерілетін білім мазмұны, білім берудің түрлі жолдарын бүгінгі талапқа сай жаңартуға ұмтылуы заңдылық.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы - *Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар*, - http://www.akorda.kz/kz/page/page_215740
- 2.«Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру» А.М.Белхаирова, <https://bilim-all.kz/jospar/list/54>
- 3.Досанова Н.К. Студенттердің зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы оқытушының рөлі // «Білім берудің заманауи даму бағыттары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Қарағанды маңызды білім беру «Болашақ» колледжі, Қарағанды 2014 ж, б.б. 548-552.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ

Абуханова Ажар Базарбаевна

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-нің, PhD докторанты

Ғылыми жетекші-Унгарбаева Ш. У.

п.ғ. к., қауымдастырылған профессор м.а.

Талдықорған қ., Қазақстан

Анотация: Мақалада жаңартылған бағдарламалардың ерекшеліктерін ескере отырып, педагог кадрлардың кәсібилігін қалыптастырудағы инновациялық іс-әрекеті, мұғалімнің кәсіби біліктілігін дамытудың маңызды аспектілері қарастырылады. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің: инновациялық педагогикалық тәжірибені қолдану, инновациялық оқыту технологияларын меңгеру, әдістемелік қызметті жаңарту, қызмет нәтижесін, тәжірибе дағдыларын талдау өлшемдерінің сипаттары көрсетілген.

Тірек сөздер: Педагогтың кәсібилігі, инновация, педагогикалық инновация, инновациялық іс-әрекет, инновациялық қызмет.

Бүгінгі таңда әлемдік қауымдастық адам өмірінің барлық бағыты бойынша дамып келе жатқан өзгерістер дәуіріне енді. Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманға жаңа талаптар қояды: кәсібилік, ұтқырлық, барлық дамып келе жатқан ақпарат ағымына шығармашылық жағынан қайта өңделуге және оны тәжірибеде құзыретті пайдалана алу қабілеті.

Әлемдік дамудың білім беру жүйесіндегі негізгі тенденциялары:

- қоғамның даму қарқынын жеделдету;
- постиндустриалды, ақпараттық қоғамға көшу, мәдениетаралық өзара қарым-қатынас ауқымын кеңейту;
- халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде шешілуі мүмкін жаһандық проблемалардың туындауы мен өсуі;
